



## АҚОРДА

# ЖАҢАНДЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Ақордада елімізге мемлекеттік сапармен келген Конго Демократиялық Республикасының Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Феликс Чисекеди бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Содан соң Құрмет карауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары келіссөз залына өтті.

Қазақстан Президенті Астанаға шақыруын қабыл алғаны үшін Феликс Чисекедиге алғыс айтты.

— Қазақстанға алғаш рет мемлекеттік сапармен келіп жатсыз. Шын мәнінде, мұны тарихи сапар

деуге болады. Сапарыңыз өте маңызды. Бұл қадам Қазақстан мен Конго арасындағы қарым-қатынасты дамытуға тың серпін береді. Еліміз — адами және табиғи ресурсқа бай мемлекет. Халық саны 110 миллионнан астам ел. Сондай-ақ Конгоның халықаралық және аймақтық деңгейдегі рөлі артып келе жатыр. Осы орайда бүгінгі келіссөздер Орталық Азия және Африка арасындағы байланысты күшейтуге ықпал етеді деп сенеміз. Африка елдерімен ынтымақтастық-

ты нығайту — еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды бағыттың бірі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Конго Демократиялық Республикасының Президенті бүгінгі келіссөздер нәтижесінде екі елдің байланысы нығая түсетініне сенімді екенін жеткізді.

— Маған және делегациямызға көрсеткен қонақжайлық ниетіңіз үшін Сізге, сондай-ақ Қазақстан халқына алғыс айтамын. Мен екі ел, жалпы алғанда, Африка аймағы мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында сапармен келдім. Әрине, біздің мемлекеттеріміз бір-бірінен алыста орналасқан. Дегенмен осындай сапарлар бізді жақындас-

тырып, бір-бірімізді жіті тануға мүмкіндік береді. Сіздің еліңізбен ERG компаниясы арқылы тығыз жұмыс істейміз. Аталған кәсіпорын тау-кен өнеркәсібі саласында белсенді қызмет етеді. Бірақ ықпалдастықты арттырып, тәжірибе алмасатын басқа да көптеген бағыт бар деп ойлаймын, — деді Феликс Чисекеди.

Президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Одан кейін Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Феликс Чисекеди келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Мемлекет басшысы Конго Демократиялық Республикасы Президентінің елімізге алғашқы сапарын тарихи сәт ретінде атап өтіп, оның Астанаға үлкен делегациямен келуін қазақ халқына көрсеткен зор құрмет деп бағалады.

— Дипломатиялық қатынастардың орнағанына көп уақыт бола қойған жоқ. Соған қарамастан өзара сенім мен достыққа негізделген ынтымақтастық дамып келеді. Бүгінгі келіссөздер Астана мен Киншаса арасындағы байланысты жаңа белеске көтереді, тиімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді. Конго Демократиялық Республикасы — Қазақстанның Африкадағы маңызды серіктесі. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың келешегі зор деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)


## НАРЫҚ



# САЛЫҚТЫҢ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа Жолдауының жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстанға және оның өзекті мәселелерін түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешуге арнауы кездейсоқ емес. Осы орайда Президент салық органының цифрландыру үдерісі бойынша мемлекеттік органдар арасындағы көшбасшысы болатынын жариялады. Бұл — ел қазынасын толтыруға бағытталған маңызды қадам. Ал Үкімет биылдан бастап Тауарлардың ұлттық каталогын енгізбек. Сол арқылы елде сатылатын әрбір тауардың әрбір данасы мұқият бақылауға алынады.

→ 5



# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ — КЕЛЕШЕКТІҢ КІЛТІ

Жасанды интеллект сөзі оғаш естілгендей күйде жүргеніңізде, ЖИ дәуіріне әлдеқашан қадам басып қойған едік. Қазір ЖИ технологиясы түрленіп, қарқынды дамып келеді. Күнделікті өміріңізден де аңғарған боларсыз, банк қызметімен тұрақты байланыс, сауда-саттық үшін кері байланыс, өзара тиімді сөйлесу, қажет ақпаратты жылдам табу, видео, сурет, түрлі визуал форматта ақпарат дайындау сынды көптеген қызметті қолдануға мүмкіндік бар.

→ 6

## ДАМУ

# ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУҒА МАҢЫЗДЫ

Шымкент қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындау шеңберінде еңбек нарығын дамытуға және халықты әлеуметтік тұрғыдан қолдауға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары, әкімдіктің ресми өкілі Сәрсен Құранбек Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында баяндады.

→ 7



## ҚЫЗМЕТІ — АҚЫЛЫ, ҚАНДАЙ ҚАҚЫЛЫ?



→ 6

## ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА — ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМ




→ 7

11 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

# ЖАҢАНДЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы бүгінгі уағдаластықтар мен қол қойылған құжаттар өзара тиімді ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді. Сонымен қатар серіктестіктің қарқынның өз деңгейінде сақтау үшін екі елдің сыртқы саясат ведомстволары арасындағы тұрақты әрі іскерлік байланысты жандандыруға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, сауда-экономикалық ынтымақтастық екіжақты күн тәртібінің басым бағыты болуы керек. Президент Қазақстан мен Конго Демократиялық Республикасының табиғи ресурстарға бай әрі экономикалық мүмкіндігі мол екеніне назар аударып, екі ел өзара тиімді жобаларды іске асыруда сенімді серіктес бола алатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы аса маңызды шикізат материалдары саласындағы КДР-дың әлеуетіне жоғары баға беріп, бұл елдің бірегей табиғи ресурстары жаһандық жеткізу тізбегінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Әлемдегі кобальт өндірісінің 76 пайызы, мыстың 14 пайызы, қалайының 8,3 пайызы, танталдың 42 пайызы, колтаннның 40 пайызы Конго Демократиялық Республикасына тиесілі. Сонымен қатар жоғары технологиялық салаларға қажетті

басқа да стратегиялық минералдардың мол қоры бар.

Президент Конго басшылығының қолдауымен қазақстандық ERG компаниясы аталған елде табысты жұмыс істеп жатқанын айтты.

Феликс Чисекеди Конгоның өзара ынтымақтастықты тереңдетуге дайын екенін жеткізді.

— Біздің мемлекеттеріміз географиялық тұрғыдан бір-бірінен алшақ орналасса да, халықтарымызды егемендік пен территориялық тұтастықты құрметтеу, диалог арқылы бейбітшілікке үндеу секілді ортақ құндылықтар біріктіреді. Конго Демократиялық Республикасы халықаралық қоғамдастықтың, соның ішінде Қазақстанның ең қиын сәттерде көрсеткен қолдауын ешқашан ұмытпайды. Қазақстан БҰҰ аясындағы белсенді ұстанымымен Конго халқына жанашыр екенін дәлелдеді. Сондықтан Сізге шынайы ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіз, — деді КДР Президенті.

Феликс Чисекедидің айтуынша, Қазақстан ядролық қарудан бас тарту және бейбітшілікті сақтау үшін дәйекті диалогты ілгерілету арқылы қауіпсіздік пен дамудың өте маңызды екенін көрсетті. Бұл — әлем жұртшылығына үлгі.

Келіссөз барысында екіжақты сауданы дамыту, көлік-логистика, тау-кен,



ауыл шаруашылығы және ақпараттық технологиялар, цифрландыру салаларындағы ықпалдастық мәселелеріне баса мән берілді.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Конго Демократиялық Республикасының Президенті Феликс Чисекеди Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Бұдан бөлек, дипломатиялық консультацияға, тау-кен және геология саласындағы ынтымақтастыққа қатысты ведомствоаралық құжаттарға қол қойылды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс Чисекедиді І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Президент бүгін екі ел жылнамасындағы тарихи күн екенін атап өтті.

— Қазақстан Республикасы мен Конго Демократиялық Республикасы арасындағы қарым-қатынастар тың қарқын алуда. Ең алдымен, Президент Феликс Чисекеди мырзаны Қазақстанда алғашқы мемлекеттік сапармен қарсы алу — біз үшін үлкен құрмет. Конго Демократиялық Республикасы — Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Екі ел арасындағы байланыстар берік достық пен өзара құрметке негізделген. Қазақстан Конго Демократиялық Республикасымен түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі. Ықпалдастықты ерекше серпінмен тереңдету үшін барлық мүмкіндік бар. Жоғары

деңгейдегі саяси ниетіміз — ортақ, сауда-экономикалық әлеуетіміз — мол, мәдени-гуманитарлық саладағы мақсат-міндеттеріміз бір. Бүгінгі келіссөз қорытындылары — осының айқын дәлелі. Біз өзара қолдау мен түсіністік рухында екіжақты қатынастарды жаңа деңгейге көтеруге уағдаластық. Екі елдің мүддесіне сай келетін маңызды келісімдерге қол жеткіздік. Халықаралық сахнадағы ықпалдастықты одан әрі нығайтуға келістік. Жаһандық қауіпсіздік және тұрақтылықты қамтамасыз ету ісінде күш-жігерімізді жұмылдыруға ниет білдірдік. Жалпы, Астана мен Киншаса арасындағы сан қырлы серіктестіктің әлеуеті мол, болашағы зор деп айтуға толық негіз бар, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс Чисекедидің осы игі іске қосып отырған тарихи үлесіне жоғары баға берді. Сондай-ақ оны халқының қолдауына арқа сүйеп, елін алға бастаған нағыз көшбасшы деп білетінін мәлімдеді.

— Конго Демократиялық Республикасы айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп, халықаралық сахнада беделін нығайтуда. Еліңіздің экономикасы өсіп келе жатыр. Сіздің бастаманыңызбен түрлі салада тың жобалар табысты жүзеге асуда. Бұл жетістік — Сіздің арқаңыз. Сіздің басшылығыңызбен еліңіз бұдан да биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін. Осы мақсат-мұраттарға жету жолында Қазақстан еліңізді

қолдауға дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Казакстан мен Конго Демократиялық Республикасының ынтымағын арттыруға, елдеріміз арасындағы достықты бекемдеуге, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Феликс Чисекедиді І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдағанын айтты.

— Бұл — қазақ елінің Сізге деген ерекше құрметі және шынайы ризашылығы, халқымызға көрсеткен ыстық ықыласы. Сіз Африка елдерінің жоғары басшылары арасындағы осындай құрметті марапат алған тұңғыш саясаткер болдыңыз, — деді Президент.

Конго Демократиялық Республикасының Президенті марапатқа лайық көргені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, жемісті ынтымақтастық аясын кеңейтуге дайын екенін атап өтті.

— Халықтарымыз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бар күш-жігерімді саламын. Өз елімнің, сондай-ақ тұтас Африка құрлығының мүддесіне сай келетін ықпалдастықтың жаңа бағыттарын іздеп, оны одан әрі дамытуға ұмтыламыз. Орталық Азия өңірі әзірге Африкаға аса таныс емес. Сондықтан бүгінгі және болашақтағы ынтымақтастығымыз қос құрлық арасындағы байланыстар тарихында маңызды кезең болатынына сенімдімін, — деді Феликс Чисекеди.

МӘЖІЛІС

## «БАРЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ӨЗЕГІ – АДАМ»:

### МӘЖІЛІС ЖОЛДАУДАҒЫ БАСТАМАЛАРДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Қазақстаннан келген жұмысшыларды Қатарда жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісімді және дамушы елдерді ескере отырып, ең төменгі жалақыны белгілеу туралы конвенцияны ратификациялады.

Отырысты ашқан Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының осы дүйсенбіде жариялаған Жолдауының ел дамуындағы ерекше рөліне назар аударды.

— Жалпы, бұл жолғы Жолдау Президентіміздің «барлық реформаның өзегі — адам» деген басты қағидатты үздіксіз ұстанып келе жатқанын тағы да дәлелдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды бастамалар көтерді. Алдағы жұмыстың аясын айқындап, нақты мерзімін белгілеп берді. Біздің ендігі міндетіміз — Үкіметпен, азаматтық қоғаммен бірге тығыз әрекет ете отырып, Жолдаудағы барлық бастаманы жедел түрде заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Осы орайда Ерлан Қошанов Парламент жұмысындағы бірнеше негізгі бағытқа тоқталды. Олардың қатарында Цифрлық кодекс пен жасанды интеллект туралы заңды қабылдау, банк саласындағы заңнаманы жаңарту, инновациялық Alatau City қаласын дамытудың құқықтық негізін қалыптастыру және басқа да заң жобалары бар. Сонымен қатар Президент алға қойған міндеттерді жүзеге асыру әр депутаттың, ең фракцияның қажырлы еңбегі мен белсенді жұмысын қажет ететінін баса атап өтті.

Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы ұсынған партиялық тізім бойынша құрылатын бір палаталы жүйеге көшу туралы ауқымды парламенттік реформаға да жеке тоқталды.



— Кешегі Жолдауында Президент келешектегі бір палаталы Парламентті партиялық тізіммен жасақтауды ұсынды. Бұл партиялардың рөлін де, беделін де арттыра түседі. Біліктің мызғымас институты ретінде қалыптастырады. Белсенді азаматтар өз ұстанымы мен көзқарасына сай келетін партияға мүше болу арқылы Парламентке келіп, елдің тағдырына араласа алады. Мұндай жүйе әлемдік тәжірибе кенінен тараған. Сондықтан барлық фракцияны, депутаттарды осы жүйелі әрі

прогрессивті реформаны қолдауға шақырамын, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Бұл ретте Палата Спикері мемлекетіміздің болашағына қатысты тағдыршешті мәселенің бәрі халықтың талқысына салынатынын айтты. «Шешім қабылдауды халықтың өзіне беру — Президентке тән ашық басқару стилі» екенін атап өтті.

Жалпы, отырыс барысында мәжілісмендер 2024 жылғы 14 ақпанда Доха қаласында жасалған Қазақстан мен Қатар үкіметтері арасындағы Қазақстаннан

келген жұмыскерлерді Қатарда жұмысқа орналастыруды реттеу жөніндегі келісімді ратификациялады. Құжатты депутаттарға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова таныстырды.

Келісім Қазақстан азаматтарына Қатарда ресми түрде жұмысқа орналасуға жол ашады және олардың құқықтарының қорғалуына кепілдік береді. Оның аясында қатарлық жұмыс берушілер қазақстандықтарға бару-қайту рейстерімен, жайлы баспанамен, жұмыс орнына тасымалдау, кемінде үш апталық жыл сайынғы ақылы еңбек демалысымен және басқа да шарттармен қамтамасыз етуге міндетті.

— Біз көптеген қазақстандық жаксы өмір іздеп шетелге жұмысқа кететінін білеміз, бірақ көбіне қиындықтарға тап болады. Бұл құжат осындай тәуекелдерді жоюдың маңызды қадамы. Келісімді іске асыру еңбек көші-қоны институтына деген сенімді арттырады, Қатармен екіжақты қатынасты күшейтеді және мемлекетіміз үшін жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызады деп сенемін, — деді жұмыс тобының жетекшісі Асылбек Нұралин.

Мәжіліс дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (№131 конвенция) ратификациялады. Оның негізгі ережелерімен депутаттарды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова таныстырды.

Жұмыс тобының жетекшісі Ардақ Назаров №131 Конвенцияны ратификациялау Қазақстанның ең төменгі жалақыны айқындайтын қолданыстағы тәсілдерін халықаралық деңгейде бекітуге мүмкіндік беретінін айтты. Сондай-ақ Қазақстанның осы саладағы халықаралық

стандарттарды сақтау және енгізу жөніндегі міндеттемесін растайды.

Талқылау барысында депутаттар баяндамашы мен жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне ең төменгі жалақыны ұлғайту, ең төменгі жалақыны сағатына төлеуге көшу мүмкіндігі, Үкіметтің ішкі жалпы өнім құрылымындағы жалақының үлесін арттыру жоспарлары, конвенцияда қарастырылған мүгедектігі бар адамдарға қатысты кемсітушілікке жол бермеу тетіктері, Халықаралық еңбек ұйымы ережелерін сақтамаған жағдайдағы санкциялар және басқаларға қатысты сұрақтарын қойды.

Сонымен қатар Мәжіліс комитеттері бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында Қазақстандағы банктер және банк қызметі туралы заң жобасы мен оған қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша ілеспе түзетулер, сондай-ақ Қазақстан мен Перу арасындағы ұстап беру туралы, сотталған адамдарды беру туралы және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау жобасы, жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын, 1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобалары бар.

Жалпы, отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 21 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен телеграм арнасында жарияланды.

# ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру бойынша партия активімен кеңейтілген отырыс өткізді.

Іс-шараға Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, Орталық аппарат қызметкерлері, «Жастар Рухының» белсенділері қатысты. Жиында бейнеконференцбайланыс арқылы партияның барлық өңірлік филиалы қосылды.

Сөз басында Ерлан Қошанов «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамдық тірегі бола отырып, Жолдауды ауқымды реформалардың лайықты жалғасы, елімізді дамыту бағытындағы нақты әрі жүйелі жұмыстың негізгі бағдары ретінде қарастыратынын ерекше атап өтті.

«Президенттің биылғы Жолдауы — «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың жарқын мысалы. Онда қоғамды толғандырған ең өзекті сұрақтарға жауап беріліп, жаһандық бастамалардан бастап, күнделікті өмірге қатысты барлық мәселе қамтылды. «AMANAT» партиясының басты міндеті — Мемлекет басшысы реформаларының қозғаушы күші болу, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету. Президент бастамаларын қолдау — бұл біздің басты тандауымыз. Біздің ұзақмерзімді миссиямыз да, партияның центристік ұстанымы да осы мүддемен ұштасып жатыр», — деді ол.

Партия Төрағасы Жолдауда цифрландыру қадамы жаңа жалпұлттық технологиялық идеяға айналғанына назар аударды. Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар дамудың жаңа қозғаушы күші саналады. Көптеген саланы цифрландыру бойынша кешенді іс-шараларды қолға алу жоспарлануда. Партия бұл бағытта азаматтардың, әсіресе зейнеткерлер мен жасөспірімдердің цифрлық сауатын арттыруға арналған «Цифрлық қоғам» жобасын жүзеге асыруда. Енді партияластар оны бүкіл ел аумағына таратып, Жолдау шеңберінде әзірленетін жаңа Digital Қазақстан стратегиясының бір бөлігіне айналдыруға тиіс.

Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы ауыл тұрғындарының әл-ауқатына ерекше назар аударғанын атап өтті. Бұл мәселе аграрлық саланың дамуымен тікелей байланысты. «AMANAT» партиясы бірнеше жылдан бері «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Агросауат» жобаларын жүзеге асырып келеді. Олар ауылды дамытуға, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға қажет нақты әрі түсінікті құралдарды ұсынады. Аталған жобаларды ел азамат-



тары жылы қабылдады. Тиісінше, олар Президент Жолдауында айқындалған жаңа бастамаларға енгізілуге тиіс.

Сондай-ақ партия Төрағасы Мемлекет басшысы халықтың қаржылық сауатын арттыруға арналған «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасына қолдау білдіргенін ерекше атап өтті. «AMANAT» Үкіметпен бірге заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, оның ауқымын кеңейтуді жалғастырады. Биыл call-орталық құрылды, 40 заңгердің қатысуымен онлайн-платформа жұмысы жолға қойылды, ал өңделген өтініштердің жалпы саны 800 мыңнан асты.

Іс-шара барысында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ринат Зайыт пікір білдірді. Оның айтуынша, Президент айтқан бір ұлт идеясын этникалық мағынада емес, қоғам бірлігінің көрінісі ретінде түсіну керек, себебі ұлттық бірлік — Қазақстанның баянды болашағының басты шарты.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева Мемлекет басшысы Жолдауда цифрлық трансформацияның ауқымды міндеттерін белгілеп бергенін атап өтті. Ол «AMANAT» фракциясы бастамашылық еткен Цифрлық кодекс осы саладағы басты құжатқа айналатынын және алдағы серпінді қадамдардың құқықтық алғышартын жасауға мүмкіндік беретінін мәлімдеді. Депутат барлық мүдделі ұйымдарды оның дамуына белсенді қатысуға шақырды. Ал Astana Hub-тың бас директоры Мағжан Мәдиев цифрлық трансформация табысты болуы үшін адами капиталды дамыту және жас таланттарды қолдау қадамдары маңызды басымдыққа айналуға тиіс екенін айтты.

Kaz Alpine Club ҚБ басқарма мүшесі Ерлан Смайлов Президент стратегиялық сала ретінде айқындаған туризм бағыты инфрақұрылым мен кадрларды дамытуды қажет ететінін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстанның шытырман оқиғалы туризмді дамытуға зор мүмкіндігі бар. «AMANAT» партиясы осы бағыттағы жұмысты бастап, «Алатау аманаты» жобасын іске қосты. Жоба жаңа жұмыс орындарын ашып, туристерді тартуға, сондай-ақ жергілікті жерлерде шағын бизнесті дамытуға серпін бермек.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Айдос Сарым партияның басты міндеті — Президент реформаларының мәнін халыққа, ең алдымен жастарға түсіндіре отырып, ұлттық бірлік пен келісімді нығайту екенін баса айтты. Депутаттың пікірінше, реформалар кең қолдау тауып, азаматтар олардың жүзеге асуына атсалысуы үшін партия Президент Жолдауын еліміздің әрбір тұрғынына қарпайым әрі түсінікті тілмен жеткізуі қажет.

Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек заңдардың орындалуын бақылауға арналған цифрлық картаны енгізу жөнінде ұсыныс білдірді. Бұл азаматтардың құқықтық санасын арттырып, қабылданған заңдардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге және Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» қағидасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкер, TechnoWomen басқарма төрағасы Әзиза Шөжеева Президент Жолдауында отандық тауар өндірушілерді барынша қолдау мәселесі көтерілгенін атап өтті. Ол кәсіпкерлердің бұл бастаманы үлкен ықыласпен қабылдағанын айтып, тәуелсіз сыртқы сауда алаңын құруды, сондай-ақ ұлттық жобаларды халықаралық нарықтарға шығаруға ықпал ететін партия жанынан кәсіпкерлік кеңесін құруды ұсынды.

Осылайша, «AMANAT» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде Мемлекет басшысының барлық саяси және әлеуметтік-экономикалық бастамаларын толық қолдайды. Мәжілістегі партия фракциясы Президент Жолдауында қойылған міндеттердің заңнамалық тұрғыдан орындалуын қамтамасыз етеді. Партия ашық диалогке дайын және ел дамуына үлес қосқысы келетін барлық азаматпен бірлесе жұмыс істеуге әзір.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов партияның Орталық аппараты мен аймақтық филиалдарына Жолдауды халық арасында кеңінен насихаттап, Президент айтқан реформаларды жүзеге асыруға қоғамның барлық прогрессивті күштерін жұмылдыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Елнар ЕЛТАЙ

Мемлекет басшысы Жолдауда түбегейлі цифрлық өзгерістер жүзеге асатын мерзімді атады. Қазақстан алдағы үш жыл ішінде тиісті инфрақұрылымы бар нағыз цифрлық мемлекет ретінде қалыптасады.

## ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАСТАЛҒАН ҚАДАМ

Бүгінде бұл істің берік негізі қаланғанын атап өткен жөн. Өйткені жаппай цифрландыру соңғы жылдарда Президент реформаларының басты бағыттарының біріне айналды.

Қазақстан қазірдің өзінде электрондық үкіметтің даму индексі бойынша әлемдегі 30 елдің қатарында. Мемлекеттік қызметтің 90 пайыздан астамы онлайн көрсетіледі (былтыр 50 млн қызмет). Қолма-қол ақшасыз төлемнің 70 пайыздан астамы мобильді қосымша арқылы жүзеге асады. 2024 жылы қолма-қол ақшасыз төлемдер айналымы 120 трлн теңгеден асты. Astana Hub өңірдегі ең ірі IT-экожүйеге айналды. Цифрлық білім беру платформалары іске қосылды. 2020 жылдан бері 500 мыңнан астам азамат цифрлық құзыреттілік курсы арқылы білімдерін жетілдірді. Занды күші бар цифрлық құжаттар енгізілді.

Аймақтағы алғашқы суперкомпьютердің іске қосылғаны да маңызды жанаулық болғаны анық.

Жаңа кезеңдегі тапсырмалар одан да маңызды. Президент жаппай цифрландыру енді бір мекеменің ғана емес, бүкіл мемлекеттік аппараттың міндеті екенін қадап айтты.

Алдағы трансформацияның ауқымын бағалау үшін Президенттің жаңа бастамаларының тізбесін және онда қамтылған салалардың аясын қарау жеткілікті.

— Қаржы секторында — Мемлекеттік цифрлық активтердің қорын іске қосу, финтехті дамыту және киберқауіптерден қорғау.

— Ауыл шаруашылығында — жер ресурстарына спутниктік мониторинг жүргізу және цифрлық карта жасау.

— Құрылыста және ТКШ — құрылыстың барлық кезеңдерін есепке алу мен жоспарлауға арналған ұлттық цифрлық платформа.

— Көлік-логистикада — Smart Cargo және ЖИ базасында тасымалдауды басқару жүйесін енгізу.

— Денсаулық сақтауда — медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың жаңа құралдарын пайдалану.

— Білім беруде — Al-Sana бағдарламасын және Qazaq Digital Mektebi жобасын іске қосу, оқушылар мен педагогтарды ЖИ-мен жұмыс істеуге дайындау.

Цифрлық трансформацияны және Жолдаудың басқа да бағыттарын қол-



дау үшін алдағы кезеңде Парламентте бірқатар жаңа заң қабылдануға тиіс. Олардың қатарында Цифрлық кодекс, финтех пен цифрлық активтерді дамытуға бағытталған Банктер туралы жаңа заң, саланың ашық және тұрақты дамуының негізін қалайтын Құрылыс кодексі бар. Жоспарда — Мемлекеттік мүлік туралы заңды жаңарту, жаңа Салық кодексі арқылы салықтық өкімшлендіруді жетілдіру және оларды цифрлық жүйеге ауыстыру арқылы жер қатынастарын оңайлату жөніндегі түзетулер бар. Бір сөзбен айтқанда, депутаттық корпус пен Үкіметтің және салалық сарапшылардың алдында ауқымды бірлескен жұмыс күтіп тұр.

Жолдауда сонымен қатар сарапшылар ортасында қызу талқыға түскен тағы бір бастама — жоғары өкілді органның реформасы туралы айтылды.

Қазак парламентаризмінің бұдан былайғы даму келбетін белгілеуге кемінде 1 жыл уақыт беріліп отыр. Бұл мәселе 2027 жылы референдумға шығарылады.

Болашақ пікірталас процесінің өзі де, түпкілікті шешім қабылдау сипаты да демократия идеяларын ілгерілету мен азаматтардың ел үшін маңызды шешімдер қабылдауға тікелей қатысу мәдениетін нығайтуға деген Мемлекет басшысының нық шешімін көрсетеді.

Қазіргі құрамның осы уақыт ішіндегі басты міндеті — болашақ Цифрлық ел үшін құқықтық базаны қамтамасыз ету. Депутаттар бұл жұмысты бастап та кетті.

Максим СПОТКАЙ,  
Парламент Сенаты  
аппаратының басшысы

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,  
Сенат депутаты:

## ЖАҢА БАСТАМАҒА СЕНІМ МОЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы — Қазақстанның жаңа даму кезеңіне қадам басуының айқын белгісі. Жасанды интеллект — бүгінде тек IT саласы емес, экономиканың барлық секторын өзгертетін әмбебап құралға айналып отыр. АҚШ, Қытай, Еуропалық одақ мемлекеттері — ЖИ-ды ұлттық стратегиялық басымдық ретінде қарастырып, оған триллиондаған инвестиция құюда.

Бірақ жасанды интеллект — тек мүмкіндік емес, сонымен бірге үлкен сын-қатерлердің көзі. Бүгінде ЖИ негізінде аса қауіпті қарулар, кибершабуыл құралдары әзірленіп жатқанын жасыра алмаймыз. Демек, біз бұл технологияға тек экономикалық тұрғыдан емес, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да мән беруіміз қажет.

Заман талабы күннен-күнге көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Мемлекет басшысы айтқандай, ілесе алмасақ, көш соңында қалу қаупі де жоқ емес. Яғни, экономикамыз үшін өндірісті автоматтандыру, жаңа жұмыс орындарын құру, өнімділікті арттыруға жаңа технологиялық мүмкіндіктер жол ашатыны даусыз.

Ал әлеуметтік саладағы сан алуан мәселелерді де дер кезінде шешу үшін білім, медицина, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын көтеруге жасанды интеллект пен цифрландыру әлеуеті зор.

Алайда қауіпсіздік үшін — ЖИ-ды бақылаусыз қолдану тәуекелдеріне қарсы ұлттық заңнаманы жетілдіру, этикалық стандарттарды енгізу міндеті тұр. Бұл — тек Қазақстан емес, көптеген ел алдындағы үлкен міндет. Тіпті, парла-

ментарлық келісіммен бірге қарайтын, ЖИ бойынша қабылдайтын заңдар болуы керек.

Осы тұрғыдан алғанда, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылуы — тек мемлекеттік аппараттағы өзгеріс емес, елдің болашағына бағытталған стратегиялық шешім.

Қысқасы, жасанды интеллектке баса мән беру заман талабы. Бірақ ол тек мүмкіндік көзі емес, сондай-ақ жауапкершілікті қажет ететін сын-қатерлер алаңы.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Экономикамызды жаңа деңгейге көтеру үшін ең алдымен адами капиталдың сапасына баса назар аударуымыз қажет. Жоғары білімді мамандарды елде ұстап қалу — стратегиялық міндет», — деді. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы соңғы жылдары оң серпінге ие болды. Елде жаңа өндірістер ашылып, өңдеу өнеркәсібіне, IT саласына, агроинновацияға инвестициялар тартылуда. 2023-2024 жылдары негізгі капиталға салынған инвестициялар 40 млрд АҚШ долларынан асып, экономикалық өсім қарқыны Орталық Азия бойынша ең жоғарғы көрсеткіштердің біріне жетті.



Алайда бұл өсімнің тұрақтылығы білікті кадрлар тапшылығына тікелей байланысты. Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан жыл сайын шамамен 100 мыңға жуық техникалық және инженерлік бағыттағы мамандарға зәру. Жоғары жалақы мен әлеуметтік кепілдік ұсынған шетелдік еңбек нарығы дарынды жастарды қызықтырып, «ми ағымын» күшейтуде.

Неге бұл маңызды десек, ең бірінші кезекте, технологиялық серпіліс үшін жасанды интеллект, цифрландыру, жасыл энергетика, биотехнология салалары жоғары кәсіби мамандарсыз дамымайды.

Екіншіден, еңбек өнімділігі үшін Қазақстанда еңбек өнімділігі дамыған елдерден 2-3 есе төмен. Мұны арттырудың басты құралы — білімді кадрлар. Үшіншіден, ұлттық қауіпсіздік үшін мықты мамандар шетелге кетсе, елдің стратегиялық салалары сыртқы тәуелділікке тап болуы мүмкін.

Сонғы жылдардағы оң қадамдар туралы да айтқанымыз жөн. «Болашақ» бағдарламасының жаңартылған форматы — жас мамандарды нақты салаларға дайындау бағыты күшейтілді. ЖОО-ларды академиялық дербестікке көшіру — университеттер еңбек нарығының сұранысына сәйкес бағдарламалар әзір-

лей бастады. IT мамандарды даярлау — Astana Hub, халықаралық технопарктер арқылы 20 мыңнан астам маман қысқа мерзімде оқытылды. Жалақы өсімі білім беру, денсаулық сақтау салаларында орташа жалақы 1,5 есеге артты.

Халықаралық тәжірибеге назар аударсақ, мәселен, Оңтүстік Корея 19 60 жылдары индустрияландыруды бастау үшін шетелден инженерлерді шақырып, бір мезгілде өз жастарын АҚШ пен Жапонияға жіберіп оқытты. Бүгінде 80%-дан астам жасөспірім білімді жастар ел ішінде жұмыс істейді. Ал өзіміз аузымыздан тастамайтын Сингапур — әлемдік компаниялардан маман тартумен қатар, жастарды тарту үшін еңбекақыны нарықтық деңгейден жоғары ұстады. Бұл елді Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «мидың магнитіне» айналдырды. Израиль де «қайта оралған ми» бағдарламасын іске қосып, шетелде жұмыс істеген ғалымдар мен инженерлерге жеңілдіктер мен гранттар берді.

Сондықтан ел Президенті айтқан тапсырманың ойдағыдай іске асуы үшін ең бірінші бұл саладағы жалақыны бәсекеге қабілетті ету керек деп ойлаймын. Білікті кадрлар үшін мемлекеттік және жекеменшік секторда орташа еңбекақы әлемдік стандартқа жақын болуы тиіс. Екіншіден, шетелдік мамандарды тарту да қажеттігін ұмытпау керек. Бұл уақытша қадам болуы мүмкін, бірақ нақты технологиялық жобалар үшін тәжірибе алмасу мақсатында маңыздылығы зор. Үшіншіден, ғылым мен бизнесті байланыстыру уақыт күттірмейтін міндет. Университеттер зерттеу орталықтары арқылы өндіріс тапсырысына тікелей жұмыс істеуі керек. Бұл бағыттағы жұмыс қазір қолға алынып жатыр. Бірақ баяу. Төртіншіден, шетелдегі қандастарымыз бен кезіндегі қазақстандық азаматтардың әлеуетін пайдалануға Мемлекет басшысы назар аударды. Яғни, шетелде оқып, тәжірибе жинаған қазақстандық мамандарды

елге тарту үшін ынталандыру жүйесін дамыту қажет.

Президент Жолдауында айтылғандай, «Жоғары білімді мамандарды елде ұстап қалу — экономиканы жаңғыртудың басты шарты». Егер біз бәсекеге қабілетті еңбек нарығын қалыптастырсақ, Қазақстан тек кадрлық тапшылықты жойып қана қоймай, әлемнің ең мықты мамандарын өзіне тарта алатын орталыққа айналады.

Ел Президенті өз Жолдауында «Қоғамдық сұраныс пен саяси жүйенің эволюциясына сәйкес, біз алдағы уақытта бір палаталы Парламент құру мәселесін талқылауға шығарамыз. Бұл — Қазақстандағы демократиялық дамудың жаңа кезеңі» деді. Шынымен де, Президент ұсынған бастама — Қазақстан демократиясының эволюциясы. Бұл өзгеріс елдің саяси жүйесін жеңілдетіп қана қоймай, Парламенттің халықпен байланысын күшейтеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қос палаталы Парламент үлгісін таңдады. Бұл модель елдегі саяси тұрақтылық пен аймақтардың мүддесін ескеруге мүмкіндік берді. Сенат пен Мәжіліс арасындағы теңгерім заң шығару процесін жүйеледі, бірақ кей жағдайда шешім қабылдау мерзімін ұзартатыны байқалатыны айтылып жүрді. Енді халықтың талқысына Референдум арқылы ұсынылады. Бұл да «халық үніне құлақ асатын билік» қағидатына сай жүргізіліп отыр.

Президенттің бастамасы — саяси жүйені ықшамдау, халыққа жақындату және тиімділікті арттыру қадамы. Егер бір палаталы модельге қошу жүзеге асса, заңнамалық процестер жеңілдеп, Парламенттің халықаралық есептілігі күшейе түспек. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ең бастысы — Парламенттің қанша палатасы бар екені емес, оның халықтың сеніміне ие болуы, ашық жұмыс істеуі және жауапкершілігі деп ойлаймын. Сондықтан жаңа бастама Қазақстанның болашағына оң әсер ететініне сенім зор.

# ЖОЛДАУ

11 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 қыркүйекте «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Әдетте мемлекет дамуының бағдарын айқындайтын Жолдауларда ел ішіндегі мәселелер мен жоспарлар да, халықаралық жағдай мен сыртқы саясаттағы ұстаным айтылатыны бар. Биылғы Жолдауда да Мемлекет басшысы инвестиция, цифрландыру, жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы, логистика-логистика, транзит, су шаруашылығы қатарлы көптеген мәселе қамтылды. Сонымен қатар саяси реформалардың келесі кезеңінің қандай сипатта болуы мүмкін екені айтылды. Ал сарапшылар Жолдауда көтерілген мәселелердің өзектілігін, жоспарларды орындау жолдарын талқылауға кірісті. Біз Парламент депутаттарынан Президент Жолдауына қатысты пікір сұрадық.



Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,  
Мәжіліс депутаты,  
«AMANAT» партиясы  
фракциясының жетекшісі:

## ҚАЗАҚСТАНДА ЛИБЕРАЛДЫҚ ҚАДАМДАР ЖҮРІП ЖАТЫР

— Жаңа Парламенттің жасақталуы партиялық ин-

ституттардың, партиялардың дамуына зор үлес қосады. Бұл — өте маңызды және заманауи қадам. Өйткені әлемдегі дамушы мемлекеттің барлығы бірінші кезекте осындай институттар арқылы өз жұмысын дамытады. Менің ойымша, партия саны көбейеді дегеннен бұрын партиялар нығая түседі, олар күшейе түседі.

Мемлекет басшысының мұны талқылауға салуы Қазақстанда демократиялық, мұнымен қатар либералдық қадамдардың өте ауқымды жүріп жатқанының бірден-бір белгісі. Бұл бастама әртүрлі деңгейде бір жыл бойы талқыланады. Одан қалса, Мемлекет басшысы өз сөзінде айтты, халық егер де қолдап жатса, референдум ұйымдас-тырылады. Бұл — өте маңызды шешім. Партиялар қазір жұмысын үдетуі қажет болады, өйткені әрбір дауыс, халықтың қолдауы маңызды.

Қазақстанның жағдайында бұл ірі әлеуметтік, болмаса саяси мәселелерді референдум арқылы шешудің үшінші қадамы болмақ. Біріншісі — кон-ституциялық реформа, екіншісі АЭС салу мәсе-лесі болса, ал үшіншісі бір палаталы Парламент құру бастамасы. Болашақта жүйелі түрде осындай жұмыстарды осылай шешудің бірден-бір алго-ритмі қалыптасатын болса, онда халық барлық ірі процестерге тікелей атсалысады.

Геннадий ШИПОВСКИХ,  
Сенат депутаты:

## КӨЛІК-ЛОГИСТИКА- ДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ЕЛГЕ АЙНАЛАМЫЗ

— Мен бұрынғы темір-жолшы ретінде Мемлекет басшысының бүгінгі Қа-зақстан халқына Жолда-уында айтқан ойларын толығымен қолдаймын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парла-менттің қос палатасының бірлескен отырысын-да: «Әлемде транзит үшін бәсеке күшейіп бара жатыр» деп атап өтті. Бұл — біздің еліміз үшін аса өзекті мәселе.

Президент сөзінде көлік-логистика саласын дамыту, Еуропа мен Азияны жалғап тұрған Қа-зақстанның стратегиялық рөлі, транзиттік әлеуе-тімізді арттыру жайында кеңінен айтты. Әсіресе, «Солтүстік — Оңтүстік» және «Шығыс — Батыс» дәліздерінің, Транскаспий бағытының болашағын ерекше атап өтті.

Сондай-ақ инфрақұрылымды жаңғырту, жаңа инвестиция тарту, сапалы жұмыс орындарын ашу, цифрландыру мен жасанды интеллектіні кенінен қолдану қажеттігі нақты көрсетілді.

Биыл іске қосылатын ұзындығы 836 шақырым «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісі — теміржол саласының үлкен жетістігі. Бұл жобаның «Шығыс-Батыс» бағыты үшін маңызы орасан. Алдағы уақытта «Бақты-Аягөз», «Қызыл-жар-Мойынты» секілді маңызды жобалардың жү-зеге асуы еліміздің теміржол жүйесін толыққанды қалыптастырады.

Теміржол саласының бұрынғы өкілі ретінде мен үшін бұл бастаманың барлығы өте жақын әрі маңызды. Қазақстан көлік-логистикадағы жетекші елдердің біріне айналарына сенімім мол!

Қайрат БАЛАБИЕВ,  
Мәжіліс депутаты:

## ТАРТЫМДЫ ИНВЕСТИ- ЦИЯ — ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев-тың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы 7 бағыт-тан тұрады. Мұнда елге керекті өзекті мәселелердің шешу жолдары қамтылған. Президент Үкіметке қаражатты шикізат саласына бұра бермей, өңдеу ісіне бет-бұрыс жасауды, ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеуді тапсырды. Бұл инвесторлармен бытыранқы қарым-қатынасты реттеуге мүмкін-дік береді. Себебі бізде инвестор тарту бар да, байланысты мығым ұстап тұру қалыптаспаған. Үкімет инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуі тиіс.

Ал Бас прокуратураның Зансыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауын Инвестор-лардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы шешімнің маңызы зор. Алайда активтер есебінен республикалық бюджетке қаражат түсіру жалғаса береді. Сонымен қатар экономикалық реформаларды іске асыруда сапалы сараптама жасай алатын халықаралық деңгейдегі басқарушылар мен инвесторлар тарты-



латын болады. Президент экономиканың жоғары технологиялық салаларына бір миллиард дол-ларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарлама әзірлеуді Үкімет пен Ұлттық банкке тапсырып, екінші дәрежелі банктердің нақты секторға бел-сенді түрде қаржы салу жұмыстарын көп созбай қолға алу қажеттігіне тоқталды. Банктер халықты табыс көзіне айналдырып алып, қомақты кіріс тауып жатқандықтан, олардың мемлекет алдын-дағы міндеттемелерін белгілеу керек. Үкімет пен Ұлттық банк банк активтерін экономикаға тарту тәсілдерін шұғыл табуы тиіс. Соған сәйкес, жыл соңына дейін жаңа заң қабылданады.

Сондай-ақ Жолдауда Президент Алатау ка-ласы еліміздің жаңа іскерлік және инновация-лық орталығына айналатынын айтты. Дамушы мемлекетке қаржылық орталықтар мен іскерлік алаңдары қажет. Alatau City сондай қала болады. Мемлекет басшысы ел Үкіметіне қаланы тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы Жарлықты он күн ішінде әзірлеуді және жарты жыл ішінде жеке заң қабылдауды тапсыр-ды. Арнайы құқықтық мәртебе беру — жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шұғыл шара. Alatau City Қазақстанның кел-бетін танытатын, Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілген цифрланған алғашқы қалаға айналмақ. Осы орайда, Президент өңірлердегі арнайы экономикалық аймақтардың жұмысын орынды сынға алды. Үкіметке арнайы экономика-лық аймақтардың тиімділігін арттыру үшін терең сараптама жасап, түбегейлі шаралар қабылдап, арнайы экономикалық аймақтарды басқаруға жеке компанияларды, тіпті шетел компанияларын тартуға болатынын еске салды. Президент бұл тұста аймақ әкімдерінің инвестициялық ахуалға тікелей жауапкершілігін айқындап берді. Сөйтіп, стратегиялық жоспарлау және реформалар агент-тігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексі енгізуге тәуелсіз сарапшыларды тартуы-на болатынын ескертті.

Унзила ШАПАҚ,  
Мәжіліс депутаты:

## БАСТЫ БАЙЛЫҚ — БІЛІКТІ АДАМИ КАПИ- ТАЛ

— Мемлекет басшысы-ның Қазақстанда бір пала-талы Парламент құру ту-ралы ұсынысы — еліміздің саяси жүйесіне елеулі өз-геріс әкелетін бастама. Әлемдік тәжірибеге қарап болсақ, бір палаталы Парламент көптеген елде бар. Мысалы, Финляндия, Дания, Венгрия, Жаңа Зеландия сияқты мемлекеттерде бір ғана палата жұмыс істейді. Мұндай жүйе заң қабылдауды жеңілдетіп, артық шығындарды қысқартады. Со-нымен қатар бюрократияны азайтып, заң шығару процесін жеделдетеді.

Дегенмен тепе-теңдік сақталмаса, билік тар-мақтарының арасында бақылау тетігі әлсіреуі мүмкін. Бұл демократияға кері әсер ету қаупін тудырады. Сондықтан мұндай өзгеріс тек ха-лықтың қолдауымен, ашық талқылаулар арқылы іске асуы тиіс. Сарапшылардың айтуынша, ең бастысы — реформаның елдің тұрақтылығы мен қоғам мүддесіне қызмет етуінде. Бұл бастама — Қазақстанның саяси жаңғыруының жалғасы. Егер дұрыс іске асса, елдегі демократия деңгейін көтеріп, мемлекеттік басқаруды тиімді ете алады.

Қазақстанның басты байлығы — табиғи ре-сурстар емес, білікті адам капиталы. Егер білімді жастарды елде ұстай алмасақ, экономикамыздың бәсекеге қабілетті болуы қиын. Қазір көптеген жастар шетелде оқып, сол жатқа қалып қояды. Жастардың шетелге кетуіне басты себеп — жа-лақының төмендігі мен мансаптық мүмкіндік-тердің аздығы. Егер еңбек нарығы бәсекеге қабілетті болып, еңбекақы халықаралық деңгейге жакындаса, олар ел ішінде еңбек етуге ынғайлы

болар еді. Сонымен қатар әлеуметтік жағдай да үлкен рөл атқарады. Баспананың қолжетімділігі, медициналық қызметтің сапасы, балалардың білім алуы мен балабақша мәселесі шешілсе, азаматтар тұрақты өмір сүруге қолайлы ортаға ие болады. Бұдан бөлек, кәсіби даму мен ғылы-ми-зерттеу салалары дамуы тиіс. Жаңа зертхана-лар, стартаптарды қолдау, гранттық бағдарлама-лар көбейсе, мамандар өз қабілеттерін еліміздің игілігіне жұмсайды.

Бүгінде әлемдік даму бағыты толықтай цифр-ландыру мен жаңа технологияға негізделіп отыр. Жасанды интеллект (ЖИ) — тек IT саласына емес, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, білім, көлік және қаржы секторына да үлкен өзгеріс әкелуде. Президенттің тапсырмасы дер кезінде берілді. Өйткені жасанды интеллект — ертенгі күннің емес, бүгінгі күннің шындығы. Сондықтан Қазақстанда жасанды интеллектіні дамытуға бар-лық жағдай жасалуы тиіс. Әсіресе, заңнамалық тұрғыда реттеу, кадр даярлау, ғылыми-зерттеу жобаларын қолдау бағытында нақты шаралар қажет. Бұл — еліміздің болашағына салынған инвестиция.

Жалпы алғанда, Президент Жолдауында кө-терілген мәселелер — Қазақстанның болашағы үшін стратегиялық бағыттар болып табылады. Жасанды интеллект — жаңа технологиялық дәуірдің кілті, мамандарды сақтау және тарту — экономиканың тұрақты дамуының негізі, Парламент реформасы — саяси жүйені жаңғыртудың жаңа кезеңі.

Абзал ҚҰСПАН,  
Мәжіліс депутаты:

## САЯСИ ЖАҢҒЫРУҒА ЖАҢА ҚАДАМ

— Бір палаталы Парламент туралы әңгіме бұған дейін де айтылып жүрді. Бұл — Конституци-яға енгізілетін реформа. Конституцияға өзгеріс енгізуден қорқудың қажеті жоқ екенін үнемі айтып келемін. Өйткені бұл — заман талабы, қажеттілік.

Бұл реформаны жүзеге асыру 2027 жылға дейінгі кезеңде жоспарланып отыр. Алдағы бір жыл ішінде осы бағытта ауқымды дайындық жұ-мыстары басталады. Бұл — заң шығару процесін жеңілдетіп, бюрократияны азайтатын қадам. Сондай-ақ шешім қабылдау үдерісі жылдамдық әрі тиімді болады. Біз секілді шағын республика үшін екі палаталы Парламент жүйесі артық. Кей-бір сарапшылар айтқандай, бұл демократиядан бас тарту емес. Керісінше, партиялық жүйені нығайту арқылы біз саяси бәсекелестікті күшейте аламыз. Партиялар шын мәнінде халықпен жұмыс істеп, сайлаушылардың сеніміне ие болуға мүдделі болады. Ең бастысы — әділ және ашық сайлау. Демек, мәселе Парламенттің құрылымында емес, сайлаудың ашықтығы мен әділдігінде. Егер сай-лау шынайы әрі бәсекелі өтсе, партиялық жүйе қоғамдағы пікір алуандығын толық көрсетеді. Сонда Парламент халықтың шынайы даусын жеткізетін алаңға айналады.

Әрине, мен бірмандатты округтен сайланған депутат ретінде халықтың тікелей өкілі болу тәжірибесінің құндылығын жақсы білемін. Бірақ алдағы реформа партияларды да осындай деңгейге көтеруді көздейді, яғни әрбір партия елдің барлық аймағында нақты қолдауға ие болуға тырысады. Бұл — саяси жүйені институционалды түрде нығайту жолы.

Ал депутаттар санын өңірлердегі халық са-нына сай есептеу қажет болады. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында халық саны миллионға жетпейді. Сондықтан 3-4 депутат жеткілікті деп ойлаймын. Жалпы, еліміздегі 20 миллион ха-лықтың мәселесі ескерілетіндей жағдай жасалуы керек. Орташа есеппен әр 500 мың адамға 1-2 депутаттан келуге тиіс. Бұл — менің жеке ұсы-нысым.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өз Жолда-уында жүк тасымалдаушылардың шағымын, яғни рәсімдердің ұзақ уақыт алатынына, тіпті қағаз толтыруға мәжбүр екенін көтерді. Осыған орай, Президент қазан айының соңына дейін келен және логистика қызметін көрсететін Смарт Карго бірінғай цифрлық жүйесін қосуды тапсырды. Де-путаттардың Мәжіліс мінберінен көтеріп жүрген мәселелерді бұл шара ішінара шешеді деп есеп-теймін. Жалпы, қандай практика қалыптасады, көруіміз қажет, ол уақыттың еншісінде.



Данияр ҚАСҚАРАУОВ,  
Мәжіліс депутаты:

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ — ӨРКЕНИЕТПІН БАСТЫ БӘСЕКЕСІ

— Мемлекет басшысы-ның бір палаталы Парла-мент құру туралы ұсынысы — еліміз үшін маңызды са-яси бастама.

Әрине, мұндай қадам қоғамда жан-жақты талқылануы қажет. Бұл мәселе енді қоғам-дық пікірге ұсынылғандықтан, түпкілікті шешім халықпен бірге қарастырылмақ. Президенттің бастамасы — мемлекеттік басқару жүйесін жетіл-діруге бағытталған, сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы өткізу керек дегені осы саяси өзгеріске мүжіят әрі салмақты түрде талдау қажет дегенді ұғындырды. Ең бастысы — қабылданатын шешім ел дамуына, демократиялық дәстүрлердің нығаюына оң ықпал етуі тиіс екенін мензеді.

Ал экономиканың қуаты — адами капиталда. Сондықтан білікті, тәжірибелі, жоғары білімді азаматтарды елде ұстап қалу — стратегиялық міндет. Ол үшін ең әуелі еңбек нарығының тар-тымдылығын күшейту керек: лайықты жақы, әлеуметтік қолдау, ғылыми-зерттеу ортасын да-мыту, стартаптарға инвестиция тарту — осының бәрі мамандарға мотивация береді.

Сонымен қатар шетелден мамандарды тарту туралы ұсыныс та орынды. Бұл — әлемдік тәжіри-беде бар құбылыс. Егер біз осы бағытты жүйелі жүргізсек, Қазақстан аймақтағы ғана емес, ха-лықаралық деңгейдегі білімді мамандарды өзіне тарта алатын орталыққа айналады. Қазірдің өзінде дамыған мемлекеттер экономиканың барлық са-ласын жасанды интеллектпен ұштастырып, жаңа өндіріс пен қызмет түрлерін қалыптастыруда.

Жасанды интеллектіні дамыту — бүгінгі күннің талабы ғана емес, ертенгі өркеніеттің басты бәсе-кесі. Қазақстан да осы үдерістен қалыс қалмауы тиіс. Өйткені ЖИ — тек цифрлық даму емес, ол денсаулық сақтау, білім беру, қаржы, қауіпсіздік сияқты барлық сектордың тиімділігін арттыра-тын әмбебап құрал. Әрине, мұнда бір ғана міндет емес — қатарынан бірнеше мәселе бар: біріншіден, ұлттық қауіпсіздік; екіншіден, этикалық реттеу; үшіншіден, адами капиталды даярлау. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының жаңа министрлік құру бастамасы осы үш бағытты кешенді түрде шешуге арналған маңызды қадам деп ойлаймын.

Раушан АХМЕТОВА,  
Түркістан қаласы, Көпса-лалы индустриалды-тех-николық колледжінің оқытушысы:



## ТАРИХИ КЕЗЕҢНІҢ БАСТАУЫ

— Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсу — мемлекеттің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі» деген сөзі әрбір өндірістік салада қызмет етіп жүрген ұстаздар мен мамандардың жүрегінен шыққан ой деп білемін. Шын мәнінде, бүгінгі күнде еліміздің дамуы мен экономикасының тұрақтылығы — нақты салаларда еңбек етіп жүрген жұмысшы мамандардың қолында.

Мен өзім еңбек жолымды аспаздық саласынан бастадым. Қарапайым мамандықтан басталған жол қазір жас буынды тәрбиелеуге, кәсіби дағды-ларды үйретуге ұласуда. 30 жылдан астам тәжіри-беде байқағаным — адал еңбекпен шыққан маман ешқашан жерде қалмайды. Қоғамға ең қажетті, ең бағалы тұлға — қолынан іс келетін білікті жұмысшы.

Қазір біз жастарға тек теориялық білім беріп қоймай, өндірістік тәжірибемен шындап, кәсі-би шеберлігін арттыруға көп көңіл бөлеміз. WorldSkills чемпионаттарында шәкірттеріміздің жұлделі орындар алуы — соның айғағы. Бұл — тек жеке жеңіс емес, бүкіл жұмысшы мамандықта-рының беделін көтеретін жетістік. Президент атап өткендей, жастардың өндірістен қашпай, өз мамандығы бойынша еңбек етуі — елдің дамуына қосқан үлесі. Біз ұстаздар қауымы сол маман-дарды даярлаудың алдыңғы шебінде тұрмыз. Әр шәкірттің қолына берілген кәсіби дағды оның болашақтағы табысының кепілі ғана емес, мем-лекетіміздің өркендеуіне қосылған үлесі.

Мен үшін аспаздық кәсіп қана емес, өнер. Ал осы кәсіпке баулу — үлкен жауапкершілік. Сон-дықтан мен өз тәжірибемді шәкірттеріме барын-ша үйретіп, оларды адал еңбекке, кәсібіне деген құрметке баулады басты парызым деп білемін. Құрметті еңбек адамының мәртебесін көтеру тек мемлекет міндеті емес, әрқайсымыздың жүре-гіміздегі миссия. Сол себепті Президенттің бас-тамасы — жұмысшы мамандықтарының беделін арттырып қана қоймай, жастардың болашағына бағыт-бағдар беретін үлкен тарихи қадам деп есептеймін.

НАРЫҚ

11 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

САЛЫҚТЫҢ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа Жолдауының жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан-ға және оның өзекті мәселелерін түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешуге арнауы кездейсоқ емес. Осы орайда Президент салық органының цифрландыру үдерісі бойынша мемлекеттік органдар арасындағы көшбасшысы болатынын жариялады. Бұл – ел қазынасын толтыруға бағытталған маңызды қадам. Ал Үкімет биылдан бастап Тауарлардың ұлттық каталогын енгізбек. Сол арқылы елде сатылатын әрбір тауардың әрбір данасы мұқият бақылауға алынады.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ  
ЖАҢА БОЛМЫСЫ

Әр Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев салық мәселесіне жеке орын береді. Былғы Жолдауында осы тақырыпқа кезекті рет арнайы тоқтала келе, оны цифрландырумен қабыстырды. Президенттің айтуынша, азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыруда Қазақстан зор жетістікке жетті. Бірақ бюрократиялық рәсімдер әлі күнге бизнеске кедергі болып тұр. Тоқаевтың тоқтамынша, цифрландыру ісінің мақсаты әлі орындалған жоқ.

— Бұл ахуалды шұғыл түзеу керек. Ең алдымен, салықтық әкімшілендіруге назар аудару қажет. Мемлекеттік кірістер комитеті цифрландыру үдерісі бойынша мемлекеттік органдар арасында көш бастауға тиіс! Бұл мекеме жасанды интеллектінің және басқа да озық технологияның әлеуетін салық төлеушілердің мүддесіне аяқ тиімді қолдануы керек. Осы жүйелі қадамның бәрі мемлекет пен бизнестің арасындағы қарым-қатынастың мүлдем жаңа, сервистік үлгісін жасауға арналған, — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ол «қазақстандық салық төлеушілердің ашықтық пен адалдыққа негізделген жаңа таным-түсінігі мен болмысын қалыптастыруды» жүктеді. Мемлекет адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайды. Президент олардың адал еңбегінен түскен салықты Үкімет пен әкімдердің елімізді дамытуға жұмсайтынын атап өтті. Салықтан түскен әрбір тенге халықтың игілігіне қызмет етуге тиіс. Азаматтарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетіліп, инфрақұрылым салынып, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылуы қажет.

Мемлекет басшысының жаңа Жолдауындағы бұл тапсырмасы сондай-ақ елдегі көлеңкелі экономиканың әрі қарай азаяуына ықпал етуге тиіс. Ұлттық статистика бюросының есебінше, 2024 жылы Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың деңгейі ЖІӨ-нің 16,71%-ын құраған. Бұл 2023 жылғы 17,58% көрсеткіштен төмен. Яғни, мемлекет бақыламайтын экономиканың үлесі бір жылда 0,87% кеміген.

Халықаралық ұйымдардың бағалауы бұдан да жақсы. Ernst & Young аудиторлық компаниясының 2025 жылғы наурыз-да жариялаған есебінде Қазақстандағы

көлеңкелі экономика деңгейі 2023 жылы ЖІӨ-нің 11,2%-ын құрағаны айтылады. Жаһандық беделді компания бүкіл Орталық Азия және Еуразиялық одақ елдері арасында бақылаусыз экономиканың ең аз үлесі — Қазақстанда екенін нұсқады. Ал Президент қойған жаңа міндеттер аталған көрсеткішті дамыған елдердің деңгейіне дейін жеткізуге септесуі мүмкін.

ӘР ТАУАРҒА  
ТӨЛ КОДЫ ТІЛІНЕДІ

Осы мақсатта ел тарихында ешқашан болмаған «Тауарлардың ұлттық каталогы» (ТҰК) мемлекеттік деректер базасы мен тауарларды бақылаудың үшденгейлі моделі іске қосылады. Соңғысының нені білдіретінін журналистерге Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов түсіндірді. Біріншіден, жаңа моделдің жоғарғы деңгейі — Тауарлар, жұмыстар және қызметтердің жалпы жіктеуішінен тұрады, онда мысалы, «азық-түлік өнімдері» сияқты санат-категориялар сақталады.

Екіншіден, орта деңгейде әр санаттың нені қамтитынын көрсетіледі. Оларға NTIN-код — өндірушісін көрсететін бірегей код тағайындалады. Айталық, «азық-түлік өнімдеріне» шұжық жатады. Бұл деңгейде кәсіпорыннан сөреге жеткен әрбір шұжықтың цифрлық картасында өндірушісінің кім екені, қашан жасалғаны және басқа дерегі келтіріледі.

Үшіншіден, төменгі деңгей тауарлардың белгілі бір түрлері бойынша таңбалау және сараптамалық егжей-тегжейлі мәліметтерінен құралады. Мұнда әрбір шұжық өнімінің нақты партиясы таңбалады. Мәселен, «мынадай өндіруші мына

күні бөленше тонна шұжық өндірді, оның мұнша көлемі бөлшек сауда орындары арқылы сатылды» деген сияқты. Осынау ұшан-теңіз үлкен деректі (Big Data) қарапайым салықшы көзмайын тауысып, қолмен теріп, калькулятормен санап отырмайды. Оның бәрін жасанды интеллект әп-сәтте тексеріп, бақылауда ұстай алады.

— Әрбір тауардың төл «тіршілік циклы» болады. Жаңа жүйе тауарларды елде өндіруден немесе шетелден әкелуден бастап, көтерме және бөлшек саудада өткізуге дейінгі циклды толық бақылайды. Өнім не елімізде жасалды немесе Қазақстанға сырттан әкелінді. Тісінше, әрбір тауарға келенде немесе ел ішінде тиісті NTIN-код беріледі. Оның қозғалысына қатысты бүкіл ақпарат мемлекеттік деректер базасында тіркеледі. Бұл мол ақпарат NTIN-код арқылы барлық салада — мемлекеттік сатып алу, шот-фактураларды қалыптастыруда, чек беруде және басқасында пайдаланылады, — деді вице-министр.

Ә.Тұрысов «Тауарлардың ұлттық каталогы» (ТҰК) фискалдық деректер операторларымен, бірінші кезекте «Қазактрекоммер» интеграцияланғанын жеткізді. Қазіргі кезде оған 15 миллион тауар енгізілген. Әрбір тауар түрі бойынша ақпарат бөлшек сауда орындарында, дүкендерде және басқасында чек басуды бақылауында ұстайтын операторлардан түседі.

— Каталог еліміздегі тауар айналымының нақты көлемін айқындауға, көлеңкелі экономиканы қысқартуға, тауарлардың қолданыс мерзімі өтпей тұрып сатылуын және сапасын қадағалауға, контрафакт, жалған өнімдермен күресуге көмектеседі. Мұның сыртында ол басқарудың, мыса-

лы, мемлекеттік жоспарлаудың тиімділігін арттырады, сондай-ақ салықтарды әкімшілендіруді жақсартады, — деп түйді Әсет Тұрысов.

Қаржы министрлігі келесі 2026 жылдан бастап өндірушілер мен импорттаушылардың ТҰК-ті қолдануы міндетті болатынын мәлімдеді. Бұл — тауар өндіруші, дистрибьютор, сауда дүкендері, кәсіпкерлердің бәріне ортақ талап. Тиісті заңға Президент қол қойды, арнаулы Жол картасы әзірленді. Вedomствоның анықтамасына жүгінісек, Тауарлардың ұлттық каталогы — еліміздегі барлық тауардың бірыңғай цифрлы эталоны. Онда әрбір тауар бірегей GTIN/NTIN кодымен белгіленеді. ТҰК базасына күн сайын осындай код бар 10 миллионнан астам чек туралы мәлімет түседі. Каталог ритейлермен, сауда алаңдарымен, фискалдық деректер операторларымен (ФДО), бақылау-кассалық машиналармен, электронды шот-фактуралар желісімен, кеден, мемлекеттік жоспарлау және тауарларды есепке алу жүйелерімен байланыстырылған.

АЙҚЫНДЫҚ ӘР САЛАҒА  
ТЕҢ ТАРАЙДЫ

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың сендіруінше, Президенттің цифрландыру жөніндегі тапсырмасы кең ауқымда жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде мемлекеттік сатып алу, келенде, электрондық шот-фактура шығаруда, тауарларды таңбалауда, статистикада, чек басуда көптеген әрі әр алуан анықтамалық пен каталогтер қолданылады. Бұл деректердің қайталануына және сәйкессіздіктерге әкеледі, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің есебін жүргізуде және қадағалау жұмыстарын жүргізгенде қиындықтар тудырады.

— Бұл мәселенің шешімі — «Тауарлардың ұлттық каталогы» мемлекеттік деректорын құру болды. ТҰК барлық негізгі үдерісте — сауда, келен, мемлекеттік сатып алу, бюджетті жоспарлау және орындау кезінде бірегей GTIN/ NTIN кодтары бойынша деректердің бірыңғай эталонын және тауарларды түпкілікті сәйкестендіруді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты үшденгейлі жіктеу моделі қалыптасты. Тауардың өмірлік циклі өндіруден немесе импорттаудан басталады, сонда бірегей NTIN коды және тиісті жіктеуіші беріледі. Содан соң деректер ТҰК-ке түседі және әрі қарай мемлекеттік сатып алу, саудада, келенде, таңбалауда қолданылады. Ақпарат ағыны жинақталып, бюджет жоспарлауды тиімді жүргізу, тауар айналымын бақылау, нарықтағы бағаны талдау үшін қолданылады, — деді Е.Біржанов.

Ол 2025 жылы тауарлардың ұлттық каталогын елдің бүкіл аумағында және барлық салада енгізу жұмысы белсенді жүргізілетінін айтты. Одан кейін тауарды елімізде сату, мемлекеттік сатып алуға қатысу, отандық өндіруші мәртебесін алу, сертификаттар мен мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану және басқасы үшін өнімінің міндетті түрде NTIN кодының болуы талап етіледі.

Сауда және интеграция министрлігі де сауда саласын цифрландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанын хабарлады. Бұл процестің негізгі элементі — әр тауарға бірегей сәйкестендіру коды таңылатын ТҰК құру болмақ. Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіпов сауда заңнамасына жаңа түзетулерге сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық өндіруші мен импорттаушы Қазақстан аумағында сағатын өз тауарлары үшін осы кодты пайдалануға және оны осы мемлекеттік деректер базасында тіркеуге міндетті болатынын қадап айтты. Әзірге жүйе пилоттық жоба түрінде енгізілді, оған өзінде сатылатын 100 мыңнан астам тауар аталымын жүктеген Anvar, Small, Magnum сияқты ірі сауда дүкендері қосылды.

— Енді әрбір чекте әрбір тауардың NTIN арнайы коды көрсетіледі. Бұл — халықаралық GTIN кодының қазақстандық аналогы. Ол 13 таңбадан тұрады. Тауарға код берілген соң, оның барлық циклін бақылаймыз. Зауыттан қашан шықты, қайда жіберілді, қай мекенжайдағы дүкенде сатылды деген сияқты қаптаған мәліметтер. Мұның тұтынушыға пайдасы неде? Көлеңкелі сауда болмайды, сапасыз өнімнің жолы кесіледі, әділсіз бәсекеге қарсы тұра аламыз. Бұл — бизнес үшін түбегейлі ашықтық жолындағы жаңа қадам, — деді Сауда вице-министрі.

Бизнеспен өзара әрекеттесу үшін компанияларға каталогқа өз тауарларын қосуына мүмкіндік беретін 11 тегін API қызметі іске асырылды. Тауар базада болса, кәсіпкерлер оның деректерін қайта қоспай-ақ пайдалана алады. Болашақта мемлекеттік сатып алуға, субсидиялар немесе жеңілдіктер алуға қатысу үшін компаниялардың өндіруші және өнімінің сипаттамалары туралы кеңейтілген ақпарат бар тауардың толық карточкасын толтыруы қажет болады.

Тауарлар каталогы интернетте орналасырылмақ. Чекті қалыптастыру кезінде жүйе автоматты түрде өнімге бірегей NTIN кодын береді. Қайталануды және дұрыс жіктеуді болдырмау үшін күн сайын модерация рәсімі жүргізілетіні мәлімделді. Модерация жасанды интеллект элементтері қолданыла отырып, жүзеге асырылады.

Жауапты тұлғалардың айтуынша, «Тауарлардың ұлттық каталогын» 2026 жылы өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарланған. Ал оны басқару және жүргізу болашақта толығымен жасанды интеллектке (ЖИ) жүктелуі мүмкін. Президенттің экономиканы цифрлық трансформациялау тапсырмасы аясында Үкімет таңбалауға жататын тауарлар тізбесін кеңейтіп, ӘМАТ-қа сауда үстемесінің 15%-дан аспауын бақылауды күшейтетін пилоттық жобаны іске қосып жатыр. Базарлардағы тауар айналымын бақылауды цифрландыру және олардағы ақша ағынының ашықтығын арттыру үшін Digital bazar жобасы басталды. Демек, бұл бағытта жүйелі жұмыс қолға алынған.

Елдос СЕНБАЙ

ОСЫ КҮНІ БӘРІНЕН БАҒА ҚЫМБАТ



Қазақстандықтар үшін мейрамхана мен дәмханадан ас ішу арзанға түспей тұр. Бір кездері күнделікті өмірдің бөлігіне айналған түскі ас пен отбасылық кешкі ас бүгінде қалтаға айтарлықтай салмақ түсіретін шығынға айналды. Ұлттық статистика бюросының соңғы деректері бойынша, қоғамдық тамақтану қызметтерінің бағасы бір айдың ішінде тағы да өсіп, жылдық көрсеткіш бойынша жоғары деңгейге жеткенін көрсетті.

Маусым айында қазақстандықтар мейрамханалар мен дәмханаларды аралауға тағы да көбірек ақша жұмсауға мәжбүр болды. ҚР АСПІР Ұлттық статистика бюросының (БНС) мәліметтері бойынша, қоғамдық тамақтандыру қызметтерінің құны бір айдың ішінде 1,6%-ға, ал бір жылда 13,2%-ға өсіп кеткен. Ең көп қымбаттаған асханалардағы түскі ас саналып отыр. Бар болғаны бір айдың ішінде баға 2,2%-ға көтерілген. Одан кейін мейрамханалар — 2,1%, ал фаст-фуд орындары 1,7%-ға қымбаттады. Жылдық көрсеткішке қарасак, көш бастап тұрған — асханалар. Бір жылдың ішінде олардың қызмет бағасы 16,9%-ға артқан. Мейрамханалардағы түскі ас —12,7%-ға, ал фаст-фуд мәзірі 13%-ға қымбаттап отыр.

ӨНІРЛЕРДЕГІ ЖАҒДАЙ ӘРКЕЛКІ

Бағаның көтерілуі елдің барлық аймағында бірдей емес. Кейбір өңірлерде қымбатшылық қатты сезілсе, енді бірінде баға мүлде өзгерген де жоқ.

Маусым айында Астанадағы дәмханалар мен мейрамханалар ең көп қымбаттады: бір айда бірден 4,3%-ға өскен. Одан

кейінгі орында Маңғыстау облысы 4,1 пайызбен тұр. Ал үшінші орынға Ұлытау облысы шықты, мұнда өсім 3,1%-ды құрады.

Керісінше, Солтүстік Қазақстан облысында жағдай тұрақты болды: бағалар небәрі 0,1%-ға ғана көтерілген. Бір қызығы, Қазақстан Республикасының 20 өңірінің 7-інде маусым айында қоғамдық тамақтану қызметтерінің бағасы өткен айдың деңгейінде сақталып, мүлде өзгерген жоқ.

Ал егер жылдық көрсеткішке көз жүгіртсек, Қарағанды облысы көш басында тұр. Мұнда бір жылда қоғамдық тамақтану қызметі 23%-ға қымбаттап кеткен. Екінші орында — Маңғыстау (21,6%), үшінші орында — Батыс Қазақстан облысы (20%). Ең баяу қымбаттаған өңірлер де бар. Мәселен, Ақмолада баға бір жылда бар болғаны 2,9%-ға ғана өсті. Ал Алматы қаласында — 4,7%, Атырауда — 5,8%.

Астанадағы Мамұт мейрамханасының басқарушысы Темірлан Қажженовтің айтуынша, мейрамханалардағы бағаның өсуі елдегі экономикаға тікелей байланысты.

— Иә, соңғы бір жылда біз де бағаны көтеруге мәжбүр болдық. Орташа есеппен

мәзір 10-12%-ға қымбаттады. Негізгі себептердің бірі ретінде азық-түлік бағасының шарықтауы деп айта аламыз. Ет, көкөніс, сүт өнімдері, тіпті ұн мен майдың өзі айтарлықтай өсті. Бұған қоса, жалға алу ақысы мен коммуналдық төлемдер де өсіп отыр. Біз бағаны ұстап тұруға барынша тырыстық, бірақ шығындардың артуы кәсіпкерлерді амалсыз қадамға итермелейді. Оның үстіне, қызметкерлердің еңбек ақысын көтеруге де тура келді, — дейді Темірлан Қажженов.

КӨРШІЛЕС  
ЕЛДЕРДЕГІ АХУАЛ

Сарапшылардың айтуынша, ТМД-ғы басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда мейрамхана мен дәмхана қызметінің құны орташа деңгейде. Олар әлемдік бренд саналатын McDonald's фаст-фуд орталығының бағасымен салыстыра отырып есептеген.

Осылайша, 2025 жылдың 28 шілдесіндегі деректерге сәйкес, McDonald's-тегі McMeal комбосының орташа бағасы 6,07 АҚШ долларын құрайды. Америка Құрама Штаттарында орташа деңгейдегі мейрамханада екі адамға арналған үш тағам шамамен 27,61 АҚШ долларын құрайды, ал бағасы арзан мейрамханада тамақтану 7,36 АҚШ долларын құрайды. Осы көрсеткіштерге қарап, Қазақстан McDonald's фаст-фуд орталығы және арзан мейрамханадағы түскі астың құны бойынша ТМД-да он елдің ішінде бесінші орынға тұрақтаған. Ал орташа бағадағы мейрамханада екі адамға арналған түскі ас бағасы бойынша үшінші орында тұрмыз.

McDonald's және арзан мейрамханалардағы тағамның ең төменгі бағасы Өзбекстанда, ал орта деңгейдегі мейрамханада екі адамға арналған ең қолжетімді тағам Тәжікстанда тіркелген. Сондақ-ай McDonald's-тегі ең қымбат комбо саналатын McMeal-ды Тәжікстаннан таба аласыз.

— Әрине, бағаның көтерілуі клиенттердің қалтасына әсер етпей қоймады. Бұрынғыдай жиі келетіндер азайды. Дегенмен біз шамадан тыс көтерген жоқпыз, сондықтан тұрақты қонақтарымызды сақтап қала алдық. Мысалы, соңғы бір жылда келушілер саны шамамен 7%-ға азайды. Бірақ сонымен бірге орташа чек

12%-ға өсті. Яғни, адамдар бұрынғыдай жиі келмесе де, келген кезде көбірек тапсырыс береді. Сол себепті жалпы табысымыз өзирге тұрақты деңгейде қалып отыр, — дейді Темірлан Қаженов.

ШАРЫҚТАҒАН БАҒАЛАР

Қазақстанда тұрғындардың мейрамханалар, дәмханалар және осыған ұқсас мекемелерге жұмсайтын шығындары жаға ұстатарлық. Былғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша, қоғамдық тамақтану орындарын аралауға жұмсалған орташа шығын 8,1 мың теңгеге жеткен, бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 13,4%-ға артық.

Шығындар бойынша көш басына Қызылорда облысы шықты, жергілікті тұрғындар мейрамханалар мен дәмханаларға орта есеппен 18,5 мың теңге қалдырған. Шығындардың жылдық өсімі — 27,9%. Сонымен қатар облыс тұрғындары қоғамдық тамақтандыру орындарына баруға орташа қазақстандық отбасымен салыстырғанда 2,3 есеге жуық көп ақша жұмсаған. Одан кейін-


гі орында — Астана (18,5 мың теңге) мен Алматы (12,6 мың теңге). Ал ең аз шығын Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында байқалды.

Осы ретте, қарапайым тұрғындар мейрамханалар мен дәмханаларға бару бүгінде бұрынғыдай қолжетімді емес екенін айтты: — Бұрын айына екі-үш рет отбасымызбен мейрамханаға барып, бірге ас ішуді әдетке айналдырған едік. Қазір бағасы қатты қымбаттап кетті. Бір рет барғанның өзінде ең аз дегенде 15-20 мың теңге жұмсалды. Бұл қарапайым отбасылық бюджетке ауыр соққы. Сондықтан соңғы кезде көбіне үйде тамақ дайындап, дастарқан басында жиналғанды жөн көреміз. Тіпті, асханалардың өзі қалтаға салмақ түсіре бастады, — дейді қала тұрғыны Айгүл Әбдірахманова.

**P.S.** Осы күні баға шарықтап кетті. Бүйте берсе, мейрамхана мен асханадан ас ішу де мұң болатын түрі бар. Кәсібір доңгелетіп отырған кәсіпкерлерді де түсінуге болар: нарық заңына көнбеске шара жоқ. Сол себепті де, олар алтын аралықты ұстап қалу үшін тырысатыны анық.

Ал сіз асты қайдан ішкенді қалайсыз?

Әсет ҚАЛИ



# ӘЛЕУМЕТ

11 ҚЫРКҮЙЕК | БЕЙСЕНБІ

## ҚЫЗМЕТІ – АҚЫЛЫ, ҚАНДАЙ ҚАҚЫЛЫ?

Соңғы жылдары елімізде ақылы перзентханалар саны айтарлықтай артып келеді. Бұрын аналар мемлекеттік ауруханаларға ғана жүгінсе, қазір таңдау кеңейген. Бірі – заманауи жабдықтар мен жайлы жағдай ұсынады, екіншісі – қолжетімді әрі тегін медке көрсетеді. Болашақ ананың ақылы перзентхананы таңдауына не себеп? Мемлекеттік медицинаға сенім шынымен азайып бара ма? Әлде жекеменшік перзентхана бизнеске айналып кетті ме?

### Көктем ҚАРҚЫН

Қазақстанда әрбір әйелдің жүктілік кезеңінде, босану сәтінде және босанғаннан кейін тегін медициналық көмек алуға заңды құқығы бар. Бұл қолдау мемлекет бекіткен бағдарламалар аясында – тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы көрсетіледі. Дегенмен шынайы өмірдегі босану тәжірибесі ресми стандарттармен шектелмейді. Денсаулық сақтау министрлігі ақылы босану қызметтеріне қатысты нақты статистика жүргізбейді, яғни жалпы босанулардың ішінде қаншасы ақылы негізде өткенін ешбір ресми есеп көрсетпейді.

Соған қарамастан әлеуметтік желілердегі пікірлер мен жеке емханалардың жарнамаларына, сондай-ақ босанған аналардың тәжірибесіне сүйенсек, ақылы қызметке жүгінушілер саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл таңдау көбіне жай ғана қауіпсіздік пен медициналық бақылаумен шектелмейді. Болашақ аналар үшін басты артықшылық – жеке палатадағы жайлылық, дәрігерді өз қалауымен таңдау мүмкіндігі және әрбір анаға жеке көзқараспен қарайтын кәсіби командаға сенім арту.

### МЫҚТЫ ДӘРІГЕРЛЕР ЖЕКЕ КЛИНИКАНЫ ТАҢДАҒАН

— Мен үшінші баламды жеке емханада босандым. Ал екі баламды мемлекеттік клиникада босанғанда жанымның аман қалғанына шүкір дегенмін. Өйткені Астана сияқты үлкен қалада бір сәтте ондаған бала дүниеге келеді. Дәрігерлер әр ананың қасына келіп, жағдайын сұрап тұруға үлгермейді. Ал акушерлер дәрекі. Тіпті, бірінші баламды босанған кезде «сүйінші берсеңші» деп менен ақша да сұраған. Ол кезде ақылы клиникалар аз еді, қалтамыз да көтермеді. Осы жолы күйеуіме: «босансам ақшанды жана, тек жеке клиниканы таңдаймын» деп талап қойдым, — дейді елордалық ана Гүлбакыт Самалова.

Оның айтуынша, Астанада ақылы босану шамамен 260 мың теңгеден басталса, толықтай жеке бағдарлама құны 1,5 миллион теңгеден жоғары. Бағаның өзгеруіне әсер ететін басты факторлар – көрсетілетін жайлылық деңгейі, медициналық мамандардың тәжірибесі, қосымша қызметтердің қолжетімділігі және босану барысын толықтай жекелендіру мүмкіндігі. Сондай-ақ көптеген клиника босану процесін жеңілдетіп, босанғаннан кейінгі кезеңді жайлы өткізуге арналған қосымша қызметтер ұсынады.

№ 3 қалалық көпсалалы ауруханада жартылай люкс-палатада асқынусыз босану құны 260 200 теңгені құрайды. Асқынұлар болған жағдайда баға 310 мың теңгеге дейін өседі. Ал жайлылықты қалайтындар үшін бұл баға 509 200 теңгеге дейін барады. Сондай-ақ перинаталдық профилактика орталығында, мысалы, босану құны есепте тұрған әйелдер үшін 875 мың теңгеден басталады және үш күндік стационарда болуды, тамақтануды және медициналық сүйемелдеуді қамтиды. Бірнеше жүктілік кезінде баға 925 мың теңгеге дейін өседі.

№ 2 қалалық көпбейінді ауруханада босанудың базалық құны 350 мың теңгені құрайды. Босанудың күрделі ағымы кезінде, мысалы қосымша акушерлік араласуларды пайдалану кезінде баға 450 мың теңгеге дейін артады. Мұнда кесарь тілігі бірдей – 450 мың теңге (анестезия бөлек төленеді – 60 мыңнан 80 мың теңгеге дейін). Сонымен қатар босанған әйелдер босануды сүйемелдеу үшін алдын ала жеке дәрігерді таңдай алады. Мұндай қызмет маманның деңгейіне және шарт талаптарына байланысты 130 мыңнан 200 мың теңгеге дейін тұрады.

Ана мен бала орталығында Қазақстан резиденттері табиғи босану үшін 600 мың теңге төлеуге мәжбүр, ал шетелдіктер үшін құны 720 мың теңгеден басталады. Кесарь тілігі айтарлықтай қымбатқа түседі – Қазақстан азаматтары үшін 850 мың теңгеден басталады. Босанғаннан кейінгі бөлімдегі аналарға арналған жеке палата жағдайларға байланысты тәулігіне 12 мыңнан 22 500 теңгеге дейін тұрады.

Танымал адамдардың жиі таңдайтын «Рахат» клиникасында есепте тұрған пациенттерге физиологиялық босану үшін 790 мың теңгеден және кесарь тілігі үшін 890 мың теңгеден басталады. Пакетке жеке палатада тұру, күніне төрт рет тамақтану, барлық қажетті дәрі-дәрмектер мен процедуралар, соның ішінде жана туған нәрестенің нейросонографиясы кіреді.

Алайда барлығының қалтасы бұл бағаны көтере бермейтіні анық. Бір балаң жарық дүниеге әкелудің құны кей перзентханада миллион теңгеге жетеді. Осы тұста сұрақ туады: сапалы медициналық қызмет көрсету ме, әлде табыс табудың көзі ме?

Әрине, медицина – адам тағдырына жауапты сала. Бірақ нарық заңдылығы мұнда да өз ықпалын жүргізіп тұр.

— Перзентхана – өте киелі жер. Адамзаттың дүние есігін ашатын орны. Қазір ақылы перзентханалар пайда болып, бұл саланы бизнеске айналдырып жібергені жасырын емес. Әрине, жекеменшік перзентхананы ашудағы негізгі мақсат – ақша табу. Дегенмен кейбір перзентханалардың жағдайы бекітілген талаптарға сәйкес келмейді. Ол өз кезегінде дәрігерлер жұмысының сапасын төмендетеді. Жақында мен жұмыс барысымен Алматыдағы жекеменшік перзентханаға бардым. Ол ұлттық аккредитациядан өткен, талаптарға сәйкес, жалпы жұмысты жүйелеген мекеме екен. Барлық жағдайы жасалған мұндай перзент-

— Шетелде неге мұндай мәселе жоқ? Өйткені ол жақта медицина қызметкерлерінің айлығы жоғары. Табысы жоғары дәрігер біреуден тіленіп, ақша да сұрамас еді. Сондықтан бұл мәселеге мемлекеттік деңгейде қарау қажет. Несиесі мен берешек қарызы көп адамның айлығы тамағынан ары аспайды, — дейді медицина ғылымдарының кандидаты.

### АНА МЕН БАЛА ӨЛІМІ АЗАЯР ЕМЕС

Шынымен де, қазір сапалы медицина мамандарының басым бөлігі жекеменшік клиникада жұмыс істейді. Өйткені ол жақта айлық та, жағдай да жасалған. Бұл өз кезегінде мемлекеттік перзентханаға деген пациенттердің сенімін азайтады. Сонымен

## АСТАНАДА АҚЫЛЫ БОСАНУ БАҒАСЫ:



№3 қалалық көпсалалы ауруханада:  
260 200-509 200 ТЕҢГЕ

перинаталдық профилактика орталығында:  
275 000-925 000 ТЕҢГЕ

№2 қалалық көпбейінді ауруханада:  
350 000-450 000 ТЕҢГЕ

Ана мен бала орталығында:  
600 000-850 000 ТЕҢГЕ


«Рахат» клиникасында:  
790 000-890 000 ТЕҢГЕ



Елпур KABA (infographic.kz)

қатар болашақ аналардың мемлекеттік перзентханадан қашуының тағы бір себебі – сәби өлімінің көптігі. Статистикаға сүйенсек, 2019 жылы Қазақстанда 3 360 сәби шетінен кеткен, 2020 жылы 3 286 сәби, 2021 жылы 3 732 бөпе бақилық болған. 2022 жылы 3 154 нәресте, 2023 жылы 2 998 сәби шетінен кеткен. 2024 жылы 2 598 сәби анасының құшағына енгенен. Сәби өлімі жиілеген аймақтар қатарында Абай, Ақтөбе, Алматы, Жетісу, Ұлытау облыстары бар. Бұл тақырып сөз болғанда ана өлімі тақырыбына тоқталмай кетуге болмас. Ресми дерек кейінгі 6 жылда елімізде 563 ана босану үстінде көз жұмғанын айғақтайды. Ана өлімі Жетісу, Қостанай, Ұлытау мен Ақтөбе облыстарында көбейген. 2024 жылдың қорытындысы бойынша көз жұмған аналардың 54 пайызы

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – КЕЛЕШЕКТІҢ КІЛТІ



Жасанды интеллект сөзі оғаш естілгендей күйде жүргеніңіз-де, ЖИ дәуіріне әлдеқашан қадам басып қойған едік. Қазір ЖИ технологиясы түрленіп, қарқынды дамып келеді. Күнделікті өміріңізден де аңғарған боларсыз, банк қызметімен тұрақты байланыс, сауда-саттық үшін кері байланыс, өзара тиімді сөйлесу, қажет ақпарды жылдам табу, видео, сурет, түрлі визуал форматта ақпарат дайындау сынды көптеген қызметті қолдануға мүмкіндік бар.

### Айсұлу СЪЕЗХАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ЖИ технологиясына аса басымдық беріп, министрлік құруға дейінгі маңызды қадамдарға көшу керегін қадап айтты. Президент Жолдауында «Жасанды интеллектті пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды» дегенді қоса жеткізді. Мұның бәрі бекер емес. Жасанды интеллектті қолданумен шектелмей, оны саналы, жүйелі басқара білуіміз керек. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегені осындайда еріксіз ойға оралады. ЖИ технологиясын сауатты қолдану үшін де этикалық қағида-тәртіптер менгеру қажет, яғни қолдану үшін дұрыс бағытта тәрбиелік ілім беру керек.

ЖИ технологиясын игеру әлем елдерінде кенінен тарап, білім беру саласында

қалыптасып үлгерді. Біріккен Араб Әмірліктерінде жасанды интеллект пән ретінде оқыту міндеттелген, бағдарлама мектептің бастауыш сыныбынан бастап жоғары сынып оқушыларына дейін деңгей-деңгей бойынша оқытылады. Қытай да жасанды интеллект саласында әлемдік көшбасшы екенін көрсетіп, биылғы оқу жылынан бастап арнайы пән енгізді. Бағдарламаға сәйкес, енді 6 жасар баладан бастап ЖИ технологиясымен достасуға қадам жасайды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайда алдымен ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын дамытуды жолға қою керегін айтты.

Елімізде де ұстаздардың ЖИ технологиясын қолдану машығын дамытуға лайықталған жобалар біртіндеп іске асып жатыр. Мысалы, 2024-2025 оқу жылында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастыруымен 180 мыңнан аса педагог ЖИ құралдарын қолданудың негіздері мен этикасын меңгеріп шыққан.

Халықаралық Астана университеті педагогикалық институт ұстаздарына «Білім берудегі жасанды интеллект» кәсіби даму курсың оқытуды қолға алса, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Жетісу университеті, тағы басқа жоғары оқу орны мұғалімдерге арналған практикалық жобалар өткізіп жатыр.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Стратегия және талдау орталығының бас сарапшысы Аида Әблякимова ұстаздардың ЖИ технологиясын үйренуі үшін үш деңгейлі модель аясында жұмыс істеуді негізге алады. Алдымен базалық деңгейде ұстаздардың ЖИ, цифрлық сауаттылығын арттыру керек, кейін пәнне кіріктіру әдістерін қолға алып, соңғы сатыда ғана ЖИ арқылы жобалық және зерттеу жұмыстарына кірісуге болады.

Жасанды интеллект оқу академиясының негізін қалаушы, кәсіби IT маман Мейіржан Әуелханұлы да ең әуелі үш бағытқа ерекше көңіл бөлу керегін айтты.

— Жасанды интеллектті білім саласына енгізудің табысы ұстаздардың дайындығына байланысты. Технология дайын тұрғанмен, дұрыс қолдана алатын маман болмаса, еш нәтиже шықпайды. Біріншіден, базалық түсінік керек. Көптеген ұстаз жасанды интеллектті «өте күрделі нәрсе» деп ойлайды. «ЖИ деген не, ол қалай жұмыс істейді, білім беруде қандай пайдасы бар?» дейтін мәселені қарапайым түрде түсіндіру керек. Бұл – қорқынышты сөйлітіп, қызығушылықты оятатын алғашқы қадам. Екіншіден, практикалық дағдыларды шыңдау қажет. Ұстаз тест құрастыру, эссе тексеру, қосымша оқу материалын дайындау, әр оқушыға жеке бағдарлама ұсыну секілді жағдайда күнделікті қолдана алатын нақты, негізгі құралдарды үйренуге тиіс. Қысқасы, ЖИ мұғалімнің уақытын үнемдеп, шығармашылыққа көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік беруге керек, — деп ойын жеткізді IT маманы.

М.Әуелханұлының сөзінше, бұдан кейін педагогикалық этика мен жауапкершілік маңызды орынға ие. ЖИ-ді қолданғанда, «барлық жұмысты соған артып қоямыз» деген көзқарас болмауға тиіс. Керісінше, мұғалім – басты тұлға, ал технология – көмекші құрал, әсіресе деректердің құпиялығы мен академиялық адалдықты сақтауға аса мән берген жөн. Маманның ойынша, ұстаздарды оқыту техникалық тренинг

емес, көзқарасты өзгерту үрдісі. Мұғалімдер жасанды интеллекттің «бәсекелес» емес, «серіктес» деп қабылдаса, білім саласында нағыз сапалы серпіліс болады.

Аида Қуандыққызы ұстаздарға тек курс емес, күнделікті сабағында қолданытын құралдар, жалпы әдістемелік қолдау ауадай қажет дейді. Сарапшы маман осы орайда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мамандары Day of AI ашық әдістемелік кешенін дайындап жатқанын әңгімеледі.

— ЖИ технологиялары үнемі өзгеріп-дамып отырады, бұл кешен де соған сай тұрақты жанарып, мұғалімдерге жана тапсырма, сценарий, түрлі құрал ұсынады, яғни ұстаз әрдайым өзекті әрі заманауи материалға қол жеткізе алады. Қазір Day of AI ашық әдістемелік кешенін қазақ және орыс тілдеріне аудару, еліміздің білім беру жүйесіне бейімдеу жұмысы жүріп жатыр. Басты мақсат – мұғалімдерді оқытуды бір реттік шара ретінде жетілдіру емес, үздіксіз кәсіби даму және тұрақты әдістемелік қолдаумен қамтамасыз ету, — дейді А.Қуандыққызы.

Маманның айтуынша, аталмыш әдістемелік кешен таяу арада ұстаздарға қолжетімді болмақ, көмекші жүйе мектеп және колледж ұстаздарымен қатар оқушыларға да пайдасын тигізбек.

Әлбетте, ұстаздардың ЖИ технологиясын меңгеруі – қажеттілік әрі заман талабы. Дегенмен ЖИ бағдарламалары әлі де қазақ тілінде толық қолжетімді емес. ChatGPT жүйесінің өзі ана тілімізде толық жетілген жоқ әрі қазақ тілінің өзіндік бояуын, ерекшелігін сініре қоймайды. М.Әуелханұлы мәселенің себебі мен шешімін баяндап берді.

— Мұның астарында ұлттық мүддеміз жатыр. Расында, қазір жасанды интеллект жүйесінің көбі қазақша мәтін құрастырғанымен, сөйлем құрылысы жасанды, бояуы солғын. Себебі өте қарапайым, қазақ тілінде сапалы деректердің жетіспеуі. ЖИ жүйесі дайын мәтіндерге қарап үйренеді. Мысалы, ағылшын тілінде миллиардтаған кітап, мақала, ғылыми еңбек, әлеуметтік желі дерегі бар, ал қазақ тілінде мұндай көлем өте аз. Ең бірінші кезекте сапалы әрі көлемді тілдік корпус құрастыру қажет, — дейді Мейіржан мырза.

ЖИ-ге жаппай көшеміз деп ұлттық құндылығымыз бен тілдік ерекшелігімізді жоғалтып алуымыз ғажап емес. Маман-

қалада, 46 пайызы ауылда тұрған. 4 немесе одан да көп баласы бар әйелдер арасындағы өлім-жітім де көбейіп, салдарынан 97 бала жетім қалған.

— Салада проблема жеткілікті, басқасын былай қойғанда, Астана қаласындағы перзентханаларда 550 төсек тапшы. Оған қоса, маман жеткіліксіз. Елімізде 4 702 акушер-гинеколог жұмыс істейді, тағы 389 маман керек. Босандыру ұйымдарында тек 1 679 акушер-гинеколог жұмыс істейді, оның 560-ы ғана (35%) ампутация жасай алады. Ал акушерияда операциялық техниканың барлық түрлерін тек 438 дәрігер ғана (21%) орындай алады. Бұл үлкен проблема, — дейді Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев.

Еліміздегі кей перзентханалардың халықаралық талаптарға сай келмейтінін депутат Мәжіліс мінберінде де көтерді. Оның айтуынша, инфракұрылымы нашар, ғимарат әбден тозған. Мәселен, орталықтандырылған оттегі жеткізгіші, сығылған ауа және сору вакуумы, қабылдау бөлімдері жоқ. 3-деңгейдегі босандыру ұйымдарында экспресс бак жоқ. Флора мен антибиотиктерге сезімталдықты уақытылы анықтауға арналған зертханалар жоқ. Бұдан бөлек, медициналық жабдықтардың тозуы мен медициналық мекемелердің төмен жаратқандырылуы да өзекті мәселе. Мәселен, бірнеше орталықта УДЗ, КТГ аппараттары, анестезия аппараттары, КСТ анализаторлары, СМАД аппараттары жоқ. Ол осы мәселелерді шешу үшін ана мен бала денсаулығына тікелей жауапты перинаталдық орталықтар мен перзентханалардағы дәрігерлердің, санитарлардың, техникалық мамандардың айлығын көтеру сынды бірнеше ұсынысын ортаға салды.

— Өңірлерге мықты дәрігерлерді тарту үшін біртүтік көтермеақы мен арнайы тұрғын үй бағдарламасын іске қосу қажет. Мықты мамандарды даярлау үшін балалар бейіні бойынша кафедраларды қалпына келтіру керек. Облыс орталығынан шалғайдағы ауылдық жерлерде және аудандарда жүктілігі ауыр өтіп жатқан әйелдерді алдын ала емдеуге арналған пансионаттарды дереу салу керек. Себебі алыстағы ауылдан толғақ қысқан ананы орталыққа әкелгенше түрлі жағдай болуы мүмкін. «Патронаждық медбике» лауазымын енгізу қажет. Перинаталдық орталықтар мен перзентханалардың, балалар ауруханаларының материалдық-техникалық базасын жанарту керек, — деді Нартай Сәрсенғалиев.

**P.S.** Ақылы немесе мемлекеттік перзентхана — әрбір ананың жеке таңдауы. Бірі «ақшасын төлесем де, жағдайым жақсы болсын» дейді, екіншісі «қызмет бірдей, бастысы — дәрігердің білімі» деп сенеді. Бірақ қай жолды тандаса да, бастысы ана мен сәбидің амандығы екені даусыз. Тек бір нәрсеңі ұмытпайық, шілдеханамыз «шотханаға» айналып кетпесе игі!

АЙМАҚ

11 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

КӨКЖИЕК

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА –  
ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМ

2022жылдан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қарағанды облысында жалпы құны 23,9 млрд теңге болатын 33 жобаны жүзеге асырды. Бастамалар білім беру, денсаулық сақтау, спорт және әлеуметтік қолдау салаларын қамтиды. Солардың ішінде ерекше басымдық білім саласына берілген. Бүгінде өңірде осы бағытта тоғыз жоба жұмыс істеп тұр.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

Манызды жобалардың бірі – «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін Қарағанды, Саран, Шахтинск, Теміртау қалалары мен Абай және Қарқаралы аудандарының мектептеріне енгізу. Бұл бағдарлама 86 мектепті қамтып отыр. Серіктес ұйым – халықаралық «Білім-инновация» қоғамдық қоры.

Білім беру жобаларының тағы бір маңызды бағыты – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау.

Қарағанды облысында он арнайы мектеп қамтылған. Мысалы, Теміртаудағы №5 мектеп-интернатта футбол, волейбол, баскетбол алаңдары, воркаут аймағы және жаттығу құралдары бар заманауи спорт инфрақұрылымы салынды.

— Бізде тек Теміртау емес, Қарағанды мен Бұқар жырау ауданынан да балалар оқиды. Жана спорт алаңдары олардың оқу процесіне үлкен серпін берді, — дейді мектеп директоры Динара Смаилова.

Дефектолог-мұғалім Оксана Малахованың айтуынша, тұрақты жаттығулар балалардың зейіні мен көңіл-күйіне оң ықпал етуде. Мектеп-интернатта 140 бала оқиды, олардың ішінде сөйлеу қабілетінде ауыр бұзылыстары мен жеңіл деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар бар. Қордың қолдауымен мұнда психолог кабинеті, сенсорлық және логопед бөлмелері ашылып, заманауи түзету жабдықтары орнатылды. Сонымен қатар бастауыш сыныптарға жаратылыстану пәндері бойынша шағын зертханалар сатып алынды. Бұл балалардың оқу сапасын арттырып, ынтасын күшейтіп отыр.

Қор балалардың техникалық және шығармашылық әлеуетін дамытуға да басымдық беруде. Сонымен қатар Теміртаудағы балалардың техникалық шығармашылық мектебі жаңғыртылып, балалар технопаркінде он үйірме қайта жабдықталды. Олар-



дың қатарында Кеме үлгілеу спорты клубы, Автомодельдеу клубы және «Жасыл мектеп» бар. Сонымен бірге төрт жана бағыт ашылды: телестудия, кеме үлгілеу зертханасы, жасанды интеллект пен робототехника негіздері және ақпараттық пен VR-технологиялар зертханасы. 240-тан астам бала 3D-модельдеу, бағдарламалау, робототехника және кеме үлгілеумен айналысуға мүмкіндік алды.

Бұл мектепте де ерекше балаларға ерекше қамқорлық көрсетілуде.

— Бұған дейін мұғалімдер 80-жылдардағы жабдықпен жұмыс істесе де, осы орталықтан халықаралық байқаулардың жеңімпаздары шыққан. Біз бұл бастамаларды қолдауды жөн көрдік. Сол себепті Теміртаудағы балалар технопаркін жаңғырту еліміз бойынша пилоттық жобаға айналды. Қазірдің өзінде оның оң шешім болғанын көріп отырмыз, алдағы уақытта тәжірибені басқа да ұйымдарда таратуды жоспарлап отырмыз, — дейді Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының аға жоба менеджері Зәуре Байменова.

Кеме үлгілеу үйірмесі технопарктің мақтанышы саналады. Ол өңірге көптеген чемпион тәрбиелеп шығарған. Үйірме түлектері республикалық қана

емес, халықаралық жарыстарда да жеңіске жеткен. Солардың бірі — қосымша білім беру педагогы, осы мектептің түлегі әрі кеме үлгілеу спорты бойынша әлем чемпионы Сергей Оконечников.

— Жабдықтарымыз жылдар бойы жанар-тылмаған еді. Керегін кейде өзім сатып алатынмын. Енді балалар заманауи жабдықпен жұмыс істеп, сапалы құралдар пайдалана алады. Ерекше мақтанышымыз — кеме сынауға арналған жабық бассейн. Бұл тіпті, ең жас спортшыларға ыңғайлы әрі жыл бойы жаттығу жасауға мүмкіндік береді, — дейді ол.

Ал ауылдық жерлердегі тірек мектептерді дамыту бағдарламасы аясында Саран қаласындағы Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің материалдық-техникалық базасы толықтай дерлік жаңартылды.

— Біздің мектепте 22 оқу кабинеті бар. Олардың барлығы заманауи жабдықтармен, жиһазбен және дидактикалық материалдармен толық қамтамасыз етілді. STEM-зертхана, робототехника кабинеті, теле және арт-студия ашылды. Сондай-ақ акт залы мен спорт залы, еңбекке баулу кабинеттері, психологиялық және логопедтік қолдау бөлмелері қайта жабдықталды. Жана жабдықтардың келуі білім сапасын айтарлықтай арттырды. Оқушылар байқауларда жүлделі орындар ала басталды, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықтары өсті. Сонымен қатар бастауыш сыныптарда жағдай жақсарды: ыңғайлы оқу орындары жасақталып, шахмат үйірмесі мен тележурналистика студиясы ашылды, — дейді мектеп директоры Гүлден Серікова.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласында қоғамдық «Қазақстан халқына» қоры 12 миллиард теңге сомасына 14 қайырымдылық жобаны жүзеге асырып жатыр. Негізгі назар заманауи медициналық көмекке ең көп қажеттілік сезілетін бағыттарға аударылған.

Қордың жобалары балалар денсаулығына да қатысты. Облыстық балалар клиникалық ауруханасында екі бағыт жұмыс істейді. Біріншісі — ерте араласу орталықтарын дамыту, олар 3 жасқа дейінгі балалардың дамуына бұзылыстарын анықтауға және түзетуге көмектеседі. Жоба аясында 15 түрлі оңалту жабдығы алынды, жыл сайын 600 бала мен олардың отбасыларын қамту жоспарлануда.

Екінші жоба — «Оңалту орталықтары», бір жарымнан 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалтуды көздейді.

Аурухана директоры Арғын Бидайбаев қордың қолдауымен қосымша бөлімшелер ашылып, оңалту орталығы құрылғанын атап өтті.

— Оңалту барлық балаларға қажет, әсіресе дамудағы бұзылыстары бар балаларға. Енді біз оларға кешенді көмек көрсете аламыз. Қүн сайын 50-ден 90 балаға дейін ем алады, — дейді директор. — Сондай-ақ қор нейрохирургия бөлімін ашуға көмектесті, онда 65 миллион теңге құны бар жабдық орнатылды. Бұл жоғары технологиялық операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді, ал одан кейін балалар біздің орталықта оңалту процедурасынан өтеді.

ИНВЕСТИЦИЯҒА ТАРТЫМДЫ,  
КӘСІПКЕ ҚОЛАЙЛЫ Өңір

Ақтөбе облысы соңғы жылдары елдің экономикалық картасында серпінді дамып келе жатқан өңір ретінде ерекшеленіп отыр. Бұған облыстық мәслихаттың кезекті XX сессиясында өңір әкімі Асхат Шахаров ұсынған әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары айқын дәлел бола алады. Әкімнің мәліметінше, 2024 жылы облыс экономикасының өсімі 106,3%-ға жетіп, жоспарлы межеден де, республикалық орташа көрсеткіштен де жоғары болды. Мұндай нәтижеге өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және қоймалау сияқты негізгі салалардың тұрақты дамуы ықпал еткен.



Кәмила  
ДҮЙСЕН

Әкім атап өткендей, оң нәтижелер мемлекеттік құрылымдар, бизнес пен халықтың бірлескен еңбегінің жемісі болып отыр. Алдағы міндет — осы қарқыннан айырылмай, өңірдің дамуын жана сапалық деңгейге көтеру. Тұрғын үй құрылысы мен инвестиция көлемінде аздаған кідіріс болғанымен, жалпы даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Керісінше, 2025 жылдың алғашқы жеті айында да аймақ экономикалық өрлеуін жалғастыруда.

Статистикаға сүйенсек, биыл алғашқы жеті айының қорытындысынан да оң динамика көреміз. Атап айтар болсақ, өңірдің негізгі салалары биыл да оң нәтижеге қол жеткізген: өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі — 101,1%, ауыл шаруашылығы 1,9%-ға өскен. Құрылыс жұмыстарының көлемі 25,6%-ға артып, 176,7 млрд теңгеге жетті. Тұрғын үйді пайдалануға беру 436 мың шаршы метрді құрап, бытырғы жылдан 2,3%-ға жоғары болды. Көлік және қоймалау саласы — 11,2%-ға, көтерме және бөлшек сауда көлемі 4,6%-ға артқан. Әсіресе, құрылыс саласының 25%-дан астам, көлік және қоймалау саласының 11%-дан жоғары өсімі ерекше атап өтуге тұрарлық.

Сондай-ақ құрылыс саласы ерекше қарқын көрсетіп, 25%-дан астам өсімге қол жеткізді. Тұрғын үй құрылысы да артқан, ал көлік пен қоймалау саласы 11%-дан жоғары өсім көрсетіп отыр. Мұның бәрі Ақтөбе облысының инвестицияға тартымды, кәсіпкерлікке қолайлы аймақ екенін білдіреді.

«Біз өңір экономикасының тұрақты әрі жүйелі дамып келе жатқанын көріп отырмыз. Барлық оң нәтиже — мемлекеттік басқару деңгейлерінің, бизнес пен халықтың белсенді еңбегінің жемісі. Алдымызда жана міндеттер тұр, біз оларды жүзеге асыру үшін жобаларға басымдық беруді жалғастырамыз. Бұл жобалар халықтың өмір сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды дамыту және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған», — деп түйіндейді әкім.

Ақтөбе облысы баспасөз қызметі ұсынған дерекке сәйкес, бытыр өңір экономикасына 901 млрд теңге инвестиция тартылған. Нәтижесінде, 800 жұмыс орны

құрылып, 400 млрд теңгеге жуық жеке инвестициялық жобалар іске асырылды.

Ақтөбе өңірінің бытырғы даму қарқынын айқын көрсеткен маңызды жобалардың бірі — «Ақтөбе мыс компаниясының» «Авангард» кен орнын ашуы мен «АКМЭЗ» майлы дақылдарды өңдеу қоймасының іске қосылуы болды. Бұл қадамдар өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, жана жұмыс орындарын ашуға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңделуін тереңдетуге жол ашты.

Ал биыл алғашқы жеті айдың өзінде-ақ Ақтөбе облысына тартылған инвестиция көлемі 590 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңінен салыстырғанда 152,7%-ға өсті. Бұл — инвесторлардың өңірге деген сенімінің нақты көрінісі.

Инвесторларға қолайлы жағдай жасау үшін Үкіметтің арнайы қаулысымен Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуесжай аумағында жалпы көлемі 858 гектарды құрайтын «Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Мұнда құны 1,2 трлн теңгені құрайтын 40-тан астам ірі жоба жүзеге асырылмақ.

Сонымен бірге Хромтау қаласында республикалық маңызы бар индустриалдық аймақ ашылды. Жалпы аумағы 150 гектарды қамтитын бұл аймақта шамамен мыңға жуық жұмыс орны құрылып, 20-ға жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Өңір дамуындағы маңызды мәселелердің бірі — басқа елдермен экономикалық қарым-қатынас орнату. Осы мақсатта сәуір-мамыр айларында Қытай Халық Республикасына іссапар ұйымдастырылды. Іссапар нәтижесінде 5 ірі жобаны іске асыру мақсатында, өңірімізге 1 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция тарту келісімдеріне қол қойылды.

Бұдан бөлек, биыл 440 млрд теңгеге 1,8 мыңға жуық жұмыс орнын құра отырып, 10 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Бүгінде 3 жоба іске қосылды: MKR Plus компаниясының «Агрохимикаттар өндіретін зауыты», «Строй-тах» Алтын Орда ықшам ауданындағы «Бизнес-орталық», сондай-ақ «Қазақстан электрлізді зауыты» АҚ қуаттылығы жылына 150 МВт құрайтын «Хромтау 1» жел электр стансасы. Қалған 7 жоба жыл соңына дейін аяқталатын болады.

ДАМУ

Шымкент қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындау шеңберінде еңбек нарығын дамытуға және халықты әлеуметтік тұрғыдан қолдауға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл туралы қала әкімінің ресми өкілі Сәрсен Құранбек Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында баяндады.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған сәйкес, Шымкентте арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Қалада тұрақты және уақытша жұмыс орындарын ұсынатын жәрменкелер ұйымдастырылып, жүздеген азамат еңбекке тартылған. «Мәселен, биыл 11 ақпанда «Еңбек адамы — елдің байлығы» атты қалалық жәрменке, ал 25 маусымда «Арбат» алаңында өңіраралық жәрменке өтті. Нәтижесінде,

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН  
ДАМУ  
МАҢЫЗДЫ



Елпәр КАБА (солдан)

223 азамат тұрақты жұмысқа, 63 адам субсидияланатын жұмыс орындарына орналасты. Сондай-ақ probation қызметінде тіркеуде тұрған және бас бостандығынан босаған 29 адамға квота бойынша жұмыс берілді», — деп атап өтті Сәрсен Абайұлы. Еңбек мобильдігі орталығы халыққа «Еңбек.кз» порталының мүмкіндіктерін

түсіндіріп, жастарды электронды еңбек биржасында жұмыс іздеу дағдыларына үйретуде. Соның нәтижесінде, 11 829 мектеп оқушысы мен 4 744 студент арнайы сертификатқа ие болған. Сәрсен Абайұлының айтуынша, жыл көлемінде 150-ге жуық іс-шара өткізіліп, оған 13 мыңнан астам колледж студенттері, 5

мыңға жуық мектеп оқушылары және 117 кәсіпорын тартылған.

Қалада халықты әлеуметтік тұрғыдан қолдау шаралары да қарқынды жүргізілуде. Биыл аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетуге 7,5 млрд теңге қарастырылған. Жеті ай ішінде 4 684 отбасыға 1,6 млрд теңге атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) төленді. Ал 1 жастан 6 жасқа дейінгі 4 242 балаға ай сайынғы қосымша төлем ретінде 228,9 млн теңге бөлінген. Айта кетерлігі, өткен жылмен салыстырғанда биыл алғашқы жеті айда АӘК алушылар саны 40 пайызға азайған. Бұл халық табысының артуы мен жұмыспен қамту шараларының тиімділігін көрсетеді.

Жүйені жеңілдету мақсатында «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған сәйкес, Шымкентте арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Қалада тұрақты және уақытша жұмыс орындарын ұсынатын жәрменкелер ұйымдастырылып, жүздеген азамат еңбекке тартылған. «Мәселен, биыл 11 ақпанда «Еңбек адамы — елдің байлығы» атты қалалық жәрменке, ал 25 маусымда «Арбат» алаңында өңіраралық жәрменке өтті. Нәтижесінде,

бірнеше нысан іске қосылған. Атап айтқанда, «Қайтпас-1» шағынауданында «Атамекен» медициналық орталығы, Mediker жеке емханасы, қалалық онкологиялық орталық жанынан ПЭТ/КТ орталығы және гемокоррекция орталығы жұмыс істеп тұр. Алдағы жылдары жана емханалар мен нефрологиялық орталық ашу жоспарланған.

Сәрсен Абайұлы жиын барасында Білім жүйесіндегі жаңалықтарға да тоқталды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалада 12 жана мектеп пайдалануға беріліп, 10 білім беру мекемесінде күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік қолдау ретінде 132 мыңнан астам оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Бұл мақсатқа 13,5 млрд теңге бөлініп, әр балаға күніне орта есеппен 677 теңге қарастырылған. «Мектепке дейінгі білім беру саласы толық цифрландырылды. INDIGO24.KZ платформасы арқылы балаларды балабақшаға қабылдау мен кезек ашық әрі әділ жүргізілуде. Қазір қаладағы 638 балабақшада 70 мыңнан астам бала тәрбиеленіп жатыр», — деді ол.

Сонымен қатар әлеуметтік осал топтарға жалдау ақсысын субсидиялау бағдарламасы арқылы қолдау көрсетіліп келеді. 2022 жылдан бері 7 500-ден астам азаматқа көмек берілсе, бүгінде 2 700-ден астам отбасы субсидиямен қамтылған. Биыл бұл мақсатқа 552 млн теңге бөлініп, оның 416 млн теңгесі төленген.

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек баспасөз мәслихатында осы және өзге де әлеуметтік саладағы маңызды мәселелерді таныстырып, журналистер қойған сауалдарға нақты жауап берді.

11 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ



# ЖЕКЕШЕЛЕНГЕН КЛУБ

## ЖЕҢІСКЕ ЖАҚЫНДАТА МА?

Президент биылғы Қазақстан халқына Жолдауында футбол клубтарын жекешелендіру керегін айтқан еді. Көп өтпей төрт бірдей бизнесменнің белді бекем бұғаны белгілі болды. Жыл соңына дейін тағы алты клуб жекенің қолына өтеді. Жалпы, бұл турасында жыл басынан бері сөз болған.

**А**йзат АЙДАРҚЫЗЫ

### ТӨРТ КЛУБ ЖЕКЕШЕЛЕНДІ

Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда футбол клубтары жергілікті бюджетке сүйенбей, өзінше өмір сүруі керек деп еді. Әлемдік тәжірибе де осыны көрсеткенін, мұны тезірек жүзеге асыруды үндеген. Бұдан соң наурыз айында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бірқатар клубтың сатылымға шығатынын айтқан. Олар: «Астана», «Атырау», «Ордабасы», «Тұран», «Шахтер», «Каспий». Аталған агенттік мәліметінше, тізімдегі нысандар алдымен Жоғары реформалар кеңесіне ұсынылады. Кейін оларды жекешелендірудің кешенді жоспарына енгізеді. Бәрі 2028 жылдың соңына дейін бақылауда болады.

Ел басшысының құрылтайдағы сөзінен соң, мамыр айында бизнесмен Ибрагим Акдрашев «Астана» клубының директорлар кеңесіне кіргені хабарланды. Бұл кісі Forbes тізімінде 52-орында тұр. 184 млн доллар капиталы бар. «Нефтьстройсервис ЛТД» ЖШС иесі. Ал Президенттің Жолдаудағы нұсқауынан кейін, кім біледі елордалық клуб толығымен жоғарыдағы бизнесменнің қарамағына өтетін болар...

Ал 8 қыркүйектегі Жолдауда Мемлекет басшысы кәсіби спортты қомақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырған жөн екенін айтты. Сөйтіп, «Шахтер» футбол клубы Тимур Тұрловқа, «Жеңіс» клубы Михаил Ломтадзе, «Қызылжар» клубы Сергей Канға берілді. Ал «Қайсарды» қызылордалық жас кәсіпкер, құрылыс саласының өкілі Исламғали Қозбақов алды. Сәйкесінше, Президент кәсіпкерлерге риза екенін, ұлт футболының болашағы үшін тер төгу керегін атап өтті.

Аталған бизнесмендердің клубтың әлеуетін көтеруге шамасы жетеді. Kaspi.kz технологиялық компаниясының басқарма төрағасы Михаил Ломтадзенін капиталы 3,9 млрд долларға бағаланған. Freedom Holding иесі Тимур Тұрловтың 7.6 млрд доллары бар. Сергей Кан энергетика саласындағы бизнесмен ретінде 222 млн доллар тапқан. Қозбақов болса, Қызылордадағы Tau Group Ltd басшысы, алайда ашық дереккөзде капиталы жайлы мәлімет жоқ. Десе де, қалталы азамат Сыр жерінде 12 млрд теңгеге заманауи футбол академиясын салмақ. Егер айтқанын орындаса, бұл ұлт футболының ертеңіне құйған инвестиция болар еді.

Бұл бизнесмендердің ішінде футбол төңірегінде жүргені — Тимур Тұрлов. Оның 2023 жылы ашылған жасөспірімдер лигасына бас демеуші ретінде тартылғанын білеміз. Чемпионаттың атауы да — Freedom QJ League. Тұрлов осы лиганың Қамқоршылар кеңесін басқарады. Жасөспірімдер тартысына екі жыл бұрын 18 жасқа дейінгі 12 команда бақ сынаса, қазір 18 өңірден 54 команда бар. Барлығы төрт турнирде 1 620 қыз бен жігіт бар. Байқасаныз, елге белгілі жас футболшы Дастан Сәтпаев дәл осы лигада көзге түсіп, қошеметке ие болған-ды. Одан бөлек, қаншама таланттың танылуына үлес қосты. Тұрлов компаниясының инфофутболға, Даун мен аутизмді бар балалардың аланда доп тебуіне жағдай жасап жүргенін білеміз. Биыл шілдеде ол Қарағандыда заманауи талапқа сай академия тұрғызуға 12 миллиард теңге бөлетінін мәлімдеген. Мұнда



“**Елімізде кәсіби спортты қаржыландыруға бюджеттен 60,5 млрд теңге бөлінген. Бұл соманың 53,8 млрд-қа қысқарғаны тағы бар. Көктемде Спорт және туризм вице-министрі Серік Жарасбаев ел қазынасынан футболға бөлінетін қаржы азаятынын, ойыншы жалақысына лимит қойылатынын айтқан-ды.**

жатақхана, 3 500 орынды стадион, жаттығу алаңын соғады. Оның үстіне, тамыз айында облыстық футбол ассоциациясының президенті болып сайланды. Қысқасын айтқанда, ҚПЛ турнир кестесінің соңында тұрған «Шахтерге» жана леп әкелетініне сенеміз.

Елімізде кәсіби спортты қаржыландыруға бюджеттен 60,5 млрд теңге бөлінген. Бұл соманың 53,8 млрд-қа қысқарғаны тағы бар.

Көктемде Спорт және туризм вице-министрі Серік Жарасбаев ел қазынасынан футболға бөлінетін қаржы азаятынын, ойыншы жалақысына лимит қойылатынын айтқан-ды. Демек, футбол клубтары жекешелендірілсе қаржы тапшылығы, стадион жыры, еуроаренаға шығу жолы жеңілдеуі мүмкін.

### АЛАҢ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

Айталық, жекешелендіру жайын естігенде жанкүйер «Жеңіс» үшін қуанды, білем. 2014-2021 жылдары «Жеңіс» клубы жабылып қалғаны есімізде. Кейін бірқатар жанашыр мен жанкүйерлердің арқасында қайта құрылып, 2023 жылы ҚПЛ-ге оралды. Десе де, клубтың стадионы жоқ болған соң, қала арасында көшіп-қонуға мәжбүр. 2024 жылы «Астана-Арена» жөндеуге жабылғанда, футболшылар елорда мен Көкшетаудың арасын тоздырған. Клубқа тиесілі Қажмұқан Мұңайтпасов атындағы стадионның құрылысы 2026 жылдың соңында бітетіні тағы бар. Биыл шілдеде «Жеңіс» пен «Жетісу» арасындағы ойын Павлодардың «Орталық» стадионында өтті. Неге «Астана Аренада» қабылдамады десеніз, мұнда музыкалық іс-шара өтетін болған соң, матч күнін ауыстырған. Сол үшін Михаил Ломтадзе кешенді жоспар жасап, жігерлі «Жеңісті» жана деңгейге көтереді деп ойлаймыз. Жігерлі дейтіміз, өз алаңы болмаса да олар талай клубты артқа тастап, Қазақстан кубогының жартылай финалына дейін жетті. Тіпті, осы жолда азулы «Астананы» шаң қаптырып кеткені бар.

Стадион жыры бір ғана «Жеңістің» басындағы мұң емес. Осы клубпен қатар «Елімай» да Павлодарға дейін табан тоздырып жүрді. Көкшетаудың «Оқжетпесі» 2023 жылы маусым бойы Астанаға келіп, матч өткізіп жүрді. 2024 жылы «Қарасай» стадионы реконструкцияға жабылып еді. «Қызылжар» клубы «Жастар» стадионына ауысты. «Астана» былтыр ҚазҰУ-дың спорткомплексі мен «Хан-Тәңірі» стадионын жағалады. Кейде «Орталық» стадионға қолқа салды. «Ордабасы» биыл маусым басында Мұңайтпасов стадионының реконструкциясына байланысты Түркістанға барып-қайтып жүрді. Жезқазғанның «Ұлытауы» маусымды «Шахтердің» алаңында өткізетіні

әуелден айтылды. Ал «Жетісу» Талдықорғандағы стадион жаңа маусымға дайын болмаған соң, 5 ойынды Алматыда өткізді. «Хан-Тәңірі» стадион базасын таңдалы. Былтыр да осы стадионда ойнаған. «Атырау» болса, «Мұнайшы» спорткомплексіне қарап отырғанына талай жыл өтті. Бұл алаңның кейде талапқа сай келмей қалатыны тағы бар. 12 мың орынды жаңа стадион салынатыны жайлы ақпарат тарағаны рас. Бірақ құрылыстың қашан басталатыны жайлы нақты шешім жоқ.

«Қайраттың» өзі Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне шығып, Алматы билігін жаңа стадион салуға «өрең» көндірді. 35 мың орынды арена Құлжа мен Талғар тасжолының ортасында бой көтереді. Былтыр желтоқсан айында «Астана» Англияның «Челсиін» Алматыға шақырып, мұз қатқан стадионда матч өткізген-ді. Бірақ бұдан кейін де қала билігі арена турасында нақты ақпар берген жоқ. Жаңа әкім Дархан Сатыбалды «Қайраттың» қуанышына шашу шашқанандай стадион құрылысы туралы мәлімдеді. Қысқасын айтқанда, жергілікті билік қимылдау үшін не еуроаренаға шығуын керек, не Президент тапсырма беруге тиіс. Әйтпесе, басшылар кәсіби спортты дамытуға бас ауыртпайды.

## ЕЛДІК РУХТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ЖЫР-ДАСТАН

Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай қазақ тілі мұғалімдерінің форумы өтті.



Форум аясында жаңа заманға сай қазақ тілін оқыту әдістері, мемлекеттік тілде сөйлеуге қажеттілік қалыптастыру жолдары, жасанды интеллект пен IT жобалардың тіл үйретудегі рөлі талқыланды.

Сондай-ақ Форум барысында Қарағанды облысы аумағында мектеп оқушылары арасында өтетін «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауы таныстырылды. Форумға төрағалық еткен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей өз сөзінде: «Ендігі мақсат — жыр-дастандарды жатқа білетін бүлдіршіндердің қатарын арттырып қана қоймай, сол туындылардағы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл — болашақ үшін манызды әрі игі міндет», — деді.

«AMANAT» партиясының қолдауымен ұйымдастырылып отырған байқау өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, әдебиетке, мәдениетке деген ынтасын оятуға бағытталған. Сонымен қатар жасөспірімдерді халық поэзиясына, қазақ халқының рухани асыл мұрасына деген сүйіспеншілікке және патриотизмге тәрбиелеу, елдік пен ерлік рухын, намысшылдық, қайсарлық қасиеттерге баулуы мақсат тұтады.

Бұл жоба 2018 жылы Алматыда басталған болатын. Кейін республикалық ауқымды қамтып, 2019 жылы «Қобыланды батыр», ал 2020 жылы «Ер Едіге» жырын жатқа айтудан жарыс өтті. Әр жыл сайын қатысушылар қатары молайып, ауқымы ұлғая түскен жоба шеңберінде биыл сайыскерлер — мектеп оқушылары «Бөгенбай батыр» (Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасы) жырын жатқа айтып, архаизм сөздердің мағынасына үңіліп, Қазақ хандығы тарихы бойынша, сондай-ақ географиялық жер-су атауларын ажыратып, жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қатысты сауалдарға жауап береді.

Қарағанды облысында байқаудың қалалық, аудандық кезеңдерінде 350-400-ге жуық жалпы білім беретін мектептерді қамту, ал облыстық деңгейде өңірдің 7 ауданы мен 6 қаласынан іріктелген сайыскерлерден үздіктерді анықтамақ.

Ұйымдастыру комитеті — AMANAT MEDIA GROUP Холдингі мен жергілікті атқарушы органдар (Тілдерді дамыту және Білім басқармасы) және жобаны қолдаушылар — «AMANAT» партиясы, Қарағанды облысының әкімдігі ұсынып отырған жұлде қоры да қомақты.

Байқау бірінші — аудандық және қалалық, екінші — облыстық кезеңнен тұрады. Байқаудың аудандық қалалық кезеңінде 1,2,3-орын алған жеңімпаздар дайындаған мұғалімдерімен бірге облыстық кезеңге жолдама алады.

Жеңімпаз оқушылар ақшалай сыйақымен марапатталады:

- I орын — 150 000 теңге;
- II орын — 100 000 теңге;
- III орын — 70 000 теңге;

Байқаудың облыстық кезеңінде жеңімпаз атанғандарға төмендегідей ақшалай жұлде қоры бекітілді:

- Оқушылар үшін:
  - I орын — 1 000 000 теңге және демеуші тарапынан Қарағандыдағы жоғары оқу орнының біріне грант;
  - II орын — 500 000 теңге;
  - III орын — 250 000 теңге.
- Ұстаздар үшін:
  - I орын — 1 000 000 теңге және демеуші тарапынан жеңіл автокөлік;
  - II орын — 500 000 теңге;
  - III орын — 250 000 теңге.

Байқау Ережесі мен жырдың толық нұсқасы qazaqepos.com сайтында жарияланды.



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
**Талғат ЕШЕНҰЛЫ**

Бас редактор –  
**Амангелді ҚҰРМЕТ**

**Гүлзина БЕКТАС** –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

**Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ** –  
Шығарушы редактор

**Елдар ҚАБА** –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

**Газет аптасына 3 рет шығады**

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4640**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,